# АҚМЕШІТ жастары

Қызылорда облыстық жастар газеті

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

6+

№ 35 (468)
2 қыркүйек, 2022 жыл


*Жаннан қымбат оларға ар,*
*Мен жастарға сенемін.*
***Мағжан***



## «ЕЛ МҮДДЕСІ БӘРІНЕН БИІК»








Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың кезекті «Әділетті мемлекет.Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» Жолдауы өзекті мәселе мен тың бастамаға толы болды. Әсіресе, салық жүйесін қайта түзу, МӘМС-тегі олқылық, зейнет жасындағы өзгеріс, кәсіпкерлерге қолдау жайы көптің көңілінен шыққан тұс екені анық. Оған қоса жақын арада кезектен тыс Президент сайлауын өткізу ұсынысы да жаңа жүйенің жүзеге асатынын білдіретіндей.

«Биылғы күзде кезектен тыс Президент сайлауын өткізуді ұсынамын. Әділетті Қазақстанды құру жолында түбегейлі және жан-жақты реформаларды табысты жүзеге асыру үшін халықтың жаңа сенім мандаты қажет. Мен үшін мемлекет мүддесі бәрінен биік. Сондықтан мен өкілеттік мерзімімді қысқартуға және кезектен тыс Президент сайлауына баруға дайынмын. Сондай-ақ, көп ойланып, Президент өкілеттігі мерзімдерінің санын және ұзақтығын қайта қарау қажет деген байламға келдім. Президент мандатын ұзақтығы 7 жылдық бір мерзіммен шектеуді ұсынамын. Бірақ қайта сайлануға тыйым салынады», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Маңызды мәлімдемеде Мәжіліс пен бүкіл деңгейдегі мәслихаттардың сайлауы да назардан тыс қалмады. Президент аталған бағыттағы сайлауды келесі жылдың екінші жартысында өткізуді ұсынып, халық сенім артқан депутаттардың жаңа құрамы жасақталатынын атап өтті.

**ЖАСТАРҒА МҮМКІНДІК**

Жолдауда көтерілген мәселенің бірі – жатақхана жайы. Білім алушылар жаңа оқу жылында мемлекет қолдауы арқылы баспана қиындығын шешуге мүмкіндік алуы ықтимал. Жиында студенттердің жекелеген және әлеуметтік тұрғыдан аз қамтылған санаттары үшін пәтер жалдауға кететін шығынды субсидиялау мүмкіндігі айтылды. Оған қоса жатақханамен қамтамасыз ету ісін бір жүйеге түсіру қажеті тілге тиек етілді. Президент олқылықты шешу үшін жеке компаниялар мен ЖОО арасында екіжақты келісім орнатуға шақырды.

«Бұл түйткілді шешу үшін жоғары оқу орындарымен және құрылыс компанияларымен мемлекеттік-жекеменшік серіктестік орнату тәсілін барынша енгізу керек. Сондай-ақ, барлық мәселенің шешімін табуды мемлекеттің мойнына ілу дұрыс емес деп санаймын. Сол себепті мемлекеттен қаражат алу үшін жекеменшік жоғары оқу орындарының жатақханасы болу шарт. Әрине, мұны оқу орындарынан біртіндеп талап еткен жөн. Студенттердің жекелеген, әлеуметтік тұрғыдан аз қамтылған санаттары үшін пәтер жалдауға кететін шығынын субсидиялау мүмкіндігін де қарастыруға болады», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар ЖОО-ның жанындағы эндаумент-қорларды тиімді пайдалану қаперге алынбақ. Алдағы уақытта мұндай қор арқылы білім беру экожүйесін дамытып, университеттегі ғылым мен инновацияны қаржыландыруға күш салынатын болады.

Білім беру ісіндегі бастаманың келесі бағыты оқу ақысына қатысты болмақ. Отандық ЖОО-дағы оқу ақысының өсуіне байланысты ҰБТ нәтижесіне және басқа да көрсеткіштерге байланысты білім беру гранттарын әртүрлі деңгейде бөлу жоспарлануда. Оның көлемі 30-100 процент аралығын қамтымақ. Оған қоса білім алу үшін жылдық өсімі 2-3 процент болатын жеңілдетілген несие де беру көзделген. Аталған қадам жоғары білімнің қолжетімділігін ұлғайтып, жастардың білім алуға құлшынысын оятары белгілі.

Жолдауда жастарды жұмыспен қамту және кәсіпкерлікке ынталандыру ісі де қалыс қалмаған. Келер жылы 100 мың жас жұмыспен қамтылмақ. Ал жастардың кәсіпкерлік бастамаларына қолдау көрсету мақсатында жеңілдетілген тәртіппен жылдық өсімі 2,5 процент болатын шағын несие беріледі.

**«БАЛАЛАР ЖЫЛЫНДАҒЫ» БАСТЫ ЖОБА**

Мемлекет басшысы «Балалар жылы» қарсаңында ерекше бастамаға басымдық беретінін жеткізді. Ол – Ұлттық қордың жыл сайынғы инвестициялық кірісінің жартысын балалар шотына аудару. Яғни, қордың инвестициялық кірісінің 50 проценті кәмелетке толғанға дейін балалардың шоттарына аударылады. Ал балалар кәмелетке толғаннан кейін жинақталған соманы тұрғын үй сатып алуға немесе білім алуға пайдалана алады. Ұлттық мәртебеге ие болған қор балалардың қиындықты еңсеріп, өмірдегі маңызды қадамды тайсалмай жасауына ықпал ететіні сөзсіз. Ауқымды жоба 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап іске қосылады.

«Әрбір отбасы елдің ұлттық байлығын пайдаланудан нақты қайтарым алуы тиіс. Сондықтан мен жариялаған балалар жылы аясында "Ұлттық қор – балаларға" қағидатты түрде жаңа бағдарламасын бастау өте маңызды деп санаймын. Ұлттық қордың жыл сайынғы инвестициялық табысының 50%-ын балалар 18 жасқа толғанға дейін олардың арнайы жинақтаушы шоттарына мерзімінен бұрын алу құқығынсыз аударуды ұсынамын», – деді Президент.

Кезекті Жолдау көптің көкейіндегі әлеуметтік мәселе мен экономикалық олқылықты дөп басқаны анық.

**Берен ШАҒЫРОВ**

## МҰРАЖАЙ – ҒЫЛЫМ МҰРАСЫ

**Ақын, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туғанына биыл – 150 жыл. Бір ғасырға жетпейтін ғұмырында бірнеше буынға, бүтін ұлтқа қажетті қазынаға тең құнды еңбектерін қалдырған ғалымның есімі ЮНЕСКО көлемінде атап өтілетін мерейтойында елене түспек.**

**Осы орайда Алматы қаласындағы Ахмет Байтұрсынұлы мұражай-үйінің жетекшісі, «Тіл–құрал» оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу орталығының директоры, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті, ахметтанушы Райхан Имаханбетпен сұхбаттасқан едік.**

**– Райхан апай, Ахмет Байтұрсынұлы мұражай-үйінің өткені мен бүгінін бағамдап өтсеңіз...**

– Мұражай ғимаратының тарихы тым тереңде. Бұл жөнінде 2009 жылдары даулы мәселе шығып, біраз айтысқанбыз. Мемлекеттік маңызы бар, тарихи ескерткіштер тізіміне енген бұл ғимаратты «ұлт ұстазына» қимайтындар да жетерлік. Тарихи ғимараттың Алаш арысы Ахмет Байтұрсынұлынан қалған жәдігер екенін бізбен бірге дәлелдеп, белсенді атсалысқан БАҚ өкілдеріне алғысымды айтамын. Атап айтсақ, Руслан Ерболұлы «Жас Алаш» газетінде «Көсем қымбат па, көпес қымбат па?», Гүлзина Бектасова «Түркістан» газетінде «Бүйректен сирақ.... көпес Зубовтың үйі ме, әлде Ахаңның мұражайы ма?», «Көпес Зубовтың үйі» мрамор тақтайшасы алынып тасталатын болды» атты мақала жариялап, күнбатысқа бүгежектейтін шенеуніктерді әрең тоқтатқанбыз. Ұлт ұстазының «Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» деген тәмсілін ұстанған «Ана тілі» апталығы «Ахметтен орыстың Зубовы артық па?» тақырыбында сауалнама жүргізіп, дауға айналған мәселеге нүкте қойғызды.

Ахмет Байтұрсынұлы жұбайы Бадрисафамен 1934 жылы Архангел айдауынан елге оралғаннан кейін осы үйде қызы Шолпанның отбасымен бірге тұрған. Ахаң отбасымен тұрған үйді тауып, оны мұражайға айналдырған – Самырат Мәшенұлы Кәкішев. Мәшен қажы – Ахметтің туған інісі. С.Мәшенұлы А.Байтұрсынұлы атындағы қоғамдық қор құрып, Ахаңның кейбір еңбектерін баспадан шығарып, насихаттай бастаған кезінде қайтыс болды. Әрине, бұл мұражай-үйінің жағдайына әсер етпей қойған жоқ. Көп жылдар бойы күтімсіз, қараусыз қалған мұражай жабылудың сәл алдында тұрды. Ұзақ жылғы тартыстан соң мемлекет балансына өттік. Музейлердің сақталуына тікелей мұрындық болған мемлекеттің өзі. Тарихи тұлға жекешелеп алатын зат емес.



Ахмет Байтұрсынұлы – мемлекет және қоғам қайраткері. Саналы ғұмырын ұлтына арнаған халық адамы. Ендеше, оның мұрасын іздеуші де, жоқтаушы да, насихаттаушы да – халық пен мемлекет! Демек, халқы үшін құрбан болған қайран ердің қамқоршысы да қолдаушысы да – мемлекет! Мұражай мемлекет меншігіне өткеннен кейін қаланың күзет қарауына тапсырылып, өрт қауіпсіздігімен қамтылды. Аула сыпырушы бар дегендей. Бұл күні 10 адамның ісін жалғыз атқарып шырылдаған баяғы Райхан жоқ, «қол ұзарды». Қазіргі уақытта «Алматы қаласы музейлер бірлестігі» КМҚК құрамына кірген Ахмет Байтұрсынұлы музей-үйінің тыныс-тіршілігі оңалып келеді. Шынымды айтсам, Шолпан Ахметқызының аманаты орындалғанына тәуба деймін. Қалғаны уақыт еншісінде.

**– Егемендігімізді алып, еңсе көтергелі Ахаңның мұрасы зерттеліп келеді, зерттеле береді де. Кемшін тұсы қандай?**

– Осы 34 жыл ішінде Ахмет Байтұрсынұлы шығармашылық мұрасы бірнеше дүркін қайта жарияланса да оқырманына түгел жетті деу қиын. Өйткені, кітап бастыру ісі, оның таратылуы, тіпті, кітаптың оқылуы дүдамал күй кешуде. Соңғы 10-15 жылда Алаш мұрасын қайта бастырушы мекемелер мен құрастырушылар тарапынан да өрескел қателер орын алып жүр. Қарапайым тілмен түсіндірсек, марқұм Жұмекен Нәжімединовтың «Менің Қазақстаным» әніне «мінгескендей», Алаш мұрасын иемденіп алғандар жетерлік. Мұра туындыгерінің құқығы қорғалмай, өздерінің «мені» басым болып «құрастырушы» ретінде өз жайын күйттегендер, тіпті сол кітаптың авторы өзі сықылды сезінетін «дертке» ұшыраған. Бұған «әй дейтін әже, қой дейтін қожа жоқ». Ахметше аңдатсақ, АЛАШ, АЛАШ деп айтқандарымен, күйттегендері «қалаш», яғни, өз қамын бірінші кезекке қоятындар көп болып, көңіл қалып тұр.

**– Ұлт ұстазының 150 жылдығын ЮНЕСКО көлемінде атап өтуге атсалысқандардың бірісіз... Бұл бағытта қандай шаралар қолға алынбақ?**

– Ұлт ұстазының 150 жылдығын ЮНЕСКО көлемінде атап өту бір жылдың көлемінде шешілген шаруа емес. Біз бұған 2-3 жыл бұрын кіріскенбіз. Ол үшін қандай да бір тұлғаның әлемдік деңгейде мойындалған ғылыми еңбектері болу керек екен. Сосын әлем ғалымдарының ол кісіге қатысты монографиялық еңбектері болуы шарт. Әлбетте, біз ондай кітаптарды таптық. Осыдан 55 жыл бұрын жарық көрген «Орталық Азия орыс билеген ғасырда» деген кітапты таптық. Кітап Нью-Йоркте басылған. Эдвард Олуорттың жетекшілігімен жарық көрген.

Ахмет Байтұрсынұлының мерейтойы қарсаңында біраз дүние қолға алынады. Ақынның туған өлкесіндегі және біздің Алматы қаласындағы тағылым мектебіне айналған музей-үйді қайта жаңғырту жұмысы жүргізіліп жатыр. Қазір күрделі жөндеу жұмыстары аяқталуға жақын. Бірақ 5 қыркүйек күні бітеді деп айта алмаймыз. Туған күнінде туған жері Торғай өлкесінде арнайы жиын болады. Торғай елді мекеніндегі Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлының әдеби-мемориалдық мұражайы қайта жөндеуден өткен болатын. Осы мұражайдың алдына Алаш көсемі мен оның рухани шәкірті Міржақып Дулатұлына еңселі ескерткіш орнатылады.

Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығы UNESCO деңгейінде мерекелеуге шешім қабылдату үшін 1 жыл 8 ай жұмыс жасаған белгілі заңгер-журналист, жазушы, ақын Әділбек Қабаның басшылығындағы мекеме мен оның ұжымына зор алғыс айтамын. Мұны бөле-жара айтуымның өзіндік себебі бар. Тіл саясаты комитеті көшпелі қазақ сықылды бірде Мәдениет және спорт министрлігі, сонан Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қарамағына өтті. Осы аралықта біздің «шақшадай басымыз шарадай болған» талай жайтті кештік. Қазақтың абыздары айтатын «Ақырын бер» дегендейін нәтижесі шүкіршілік.

**– Әдемі әңгіме өрбіткеніңізге рақмет, Райхан Сахыбекқызы!**

**Сұхбаттасқан**
**Дина БӨКЕБАЙ**

**ПІКІР-ПАЙЫМ**

## КҮРДЕЛІ МӘСЕЛЕ ШЕШІМ ТАПТЫ

Қалтаны қаққан кәдеге жарату алымы қазақстандықтар үшін шешілмейтін мәселеге айналғандай көрінді. Қол жинады, хат жазды, топ құрылды. Автокөлік иелері оған 6 жыл бойы қарсылық білдіріп келді. Мәселе Президентке жетті. Жолдауда арқау болған мәселенің бірі – утилизациялық алым болды. Расында Мемлекет басшысының алымға қатысты оң өзгерісін жылы қабылдауға болады.

1 қыркүйекке дейін елімізге кірген көліктердің жарату алымы қысқарғанына қуаныштымыз. Алдағы уақытта да бағаны 250 мың теңгеге қалдыру керек секілді. Сол кезде көліктің нарықтағы бағасында сәл болсада өзгеріс орнайтын еді. Жалпы көліктің бағасы қымбаттамаса арзандамайды. Өйткені нарық долларға бағынышты. Шетелден келетін көліктің барлығы доллар валютасымен жүреді. Сондай-ақ көлікті елге кіргізу үшін де утилизациялық алымнан бөлек мың-сан төлемдер бар. Атап айтсақ, кедендік алым көлік бағасының 15 пайыз, НДС 12 пайыз төлем алынады. Егер қажетсіз төлемдерді қысқартатын болса, темір тұлпарлардың жылы жаңарып, бағасы қалтаға қонымды болады.

**Нұржан ЕЛЕМЕС,**
**«Auto ray» көлік қызметінің сарапшысы**

## БАЛА ҚҰҚЫҒЫ – БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ

Отан отбасынан басталады. Бала өзінің ата-анасынан, отбасынан, өзінің жақындарынан алмаған тәрбиені бүкіл әлемнен іздеп таба алмайды. Ата-ананың орнын ешкім баса алмайды. Қоғамның жазылмас жарасына айналған психологиялық, физикалық, жыныстық зорлық-зомбылық, қысым көрсету осыдан басталады деп ойлаймын. Сондықтан алдымен отбасы құндылығын, одан кейін балалардың құқығын заң тұрғысынан қарастыру қажеттілігі туындап тұр. Осы орайда Президенттің жаңа жолдауында маңызды мәселенің шешімін табуға бағытталған тапсырмалар жүктелді.

Қоғамның қызу талқысына түскен балалар мен әйелдердің құқығы – бүтін бір ұлттың тағдыры. Сондықтан жаңа, еркін, адам құқығы алғашқы орында тұратын қоғамды бірге құруға шақырамын.

**Шынар МЫРЗАҒАЛИ,**
**№3 қалалық емхананың әлеуметтік қызметкері**

## БАҒДАР БЕРГЕН ЖІГЕР-СӨЗ

Жастар – қоғамның күретамыры, экономика мен руханияттың қозғаушы күші. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың кезекті Жолдауында да жастарды қолдауға бағытталған бірнеше жоба айтылды. Оның ішінде білім беру ісі, кәсіпкерлік, жұмыспен қамту саласы шет қалмады. Әсіресе, Президент сөзіндегі кәсібилік пен еңбекқор адамның бейнесі туралы тұжырым ерекше әсер етті.

Шынында, тәрбиелі әрі білімді жастардың қатысуынсыз «Жаңа Қазақстанды» құру мүмкін емес. Егер жас буын Президент айтқан кәсібилік пен еңбекқорлықты мұрат тұтса, қоғамның сапа деңгейі көтерілері анық. Сондықтан барша Сыр жастарын Жолдау сыйлаған тұжырым шеңберінде әрекет етуге шақырамын.

**Мақсат СЕРІКОВ,**
**Қызылорда қалалық «Жастар театрының» әртісі**

# СЫР ТУРИЗМІ СЫН КӨТЕРЕ МЕ?

**Жаздың жаймашуақ күндері артта қалып, күздің қоңырсалқын уағы басталды. Көпшілік ұзаққа созылған демалыстан қарбалас тірлікке қайта қосылған шақта туризм жайлы сөз болатыны бар. Сондықтан аймақтағы туризмнің соңғы уақыттағы дамуы жайлы жазуды жөн көрдік.**



EQonaq ақпараттық жүйесінің деректеріне сүйенсек, жыл басынан бері Қазақстан аумағына 195 149 шетелдік турист келген. Туристердің 67%-ы Ресейден, 16%-ы Өзбекстаннан, 6%-ы Түркиядан, 4%-ы Қытайдан және 7%-ы басқа мемлекеттерден саяхаттаған. Бір қуантарлығы, шетелдіктер жиі ат ізін салатын танымал аймақтар қатарында Қызылорда облысы да бар. Айталық, Алматы қаласына − 73 012, Нұр-Сұлтан қаласына − 44 859, Қызылорда облысына − 9735, Маңғыстау облысына − 9384 адам «қонақ» болған.

Әдетте туризм тақырыбындағы пікірлерге құлақ ассақ, екі тараптың ойын білуге болады. Бірі отандық туризм сын көтермейді десе, енді бірі елдегі ахуалдың түзеліп келе жатқанын айтады. Жолдасымен бірге саяхаттауды отбасылық дәстүрге айналдырған Эльмира Әлиева − Қазақстанды түгел шарлаған турист. Одан бөлек әлем елдерінің түпкір-түпкіріне ат басын тіреген жиһангез Қазақстанда туризмнің енді ғана дамып келе жатқанын, сонымен бірге қазіргі таңда кездесетін бірқатар кемшілікті атап көрсетті.

– Жолдасыммен бірге Арал мен Каспий теңізі, Қаратау мен Алатаудан әрі асып, Тянь-Шаньнан өтіп Қытайға дейін барып қайттық. Қырғызстан мен Өзбекстанның таулы аймақтарында да болдық.

Қазақстанның қай өңіріне барсаңыз да, қызмет көрсету сапасы төмен. Мысалы, Өзбекстанда сізді есік алдынан құшақ жая қарсы алады, бар болса да, жоқ болса да күліп жауап береді. Өздері сондай қонақжай. Еліміздің батыс аймағынан мұндай кішіпейіл көңілді байқамадық. Жалпы Қазақстанда туризм енді ғана басталып келе жатыр. Мен ел ішінде саяхаттауға туристік агенттік көмегін пайдаланған емеспін. Бірақ баға жоғары, сапа төмен деген пікірге қосыламын. Оған халық кінәлі емес, өйткені туристік орта қалыптастыру үшін қыруар қаражат қажет. Жұмысты жүргізу үшін қанша адамды оқытады, жатын орын, тамақ сатып алу, оны дайындау, коммуналдық төлем бағасы бәрі-бәрі қымбат. Бұл шығынның бәрі қонақ үй иесіне немесе кәсіпкерге ауыр тиеді. Шетелде баға шынымен арзан. Неге? Өйткені олар дайын өнімді сатып алмай, өз-өздерін қамтамасыз етеді. Мұндай мәселені шешу үшін отандық туризмге арнайы субсидия бөлінгені жөн. Осы орайда өңірлердегі жағдайды да айтқым келіп отыр. Қамбашта тек киіз үйлерді салып қойған, өз басым ғимараттарын көрген емеспін. Барған кезде көлден басқа ештеңе байқамайсың. Шижағаға барсаңыз, Аралдың құмы қандай?! Сахарада жүргендей боласыз ғой. Сол жерге келген туристерді түйеге мінгізіп, дәл Түркия, Дубайдағыдай дамытуға болады. Ол үшін келушілерге жақсы жарнама керек. Ал оны жасау үшін тағы да қыруар қаржы қажет. Үкімет оған көңіл бөліп отырған жоқ. Ақшасы бар адамдарға ғана елде демалуға мүмкіндік бар, бірақ олар Қазақстанға қарағанда шетелді таңдайды, – дейді саяхатшы.

Тарихқа көз жүгіртсек, Қазақстан 1993 жылы дүниежүзілік туризм ұйымына мүшелікке қабылданған. Содан бергі 28 жылда ішкі туризмнің шаруасы шарықтамай, шатқаяқтап тұрғаны жиі-жиі айтылып келеді. Көрікті жерлер бола тұра, жарқыратып көрсете алмаған билікке айтылар сын көп.

− Аймақтардағы туризмді дамыту үшін әр облыс ай сайын немесе жыл сайын фестиваль ұйымдастыру керек деп ойлаймын. Сол фестиваль арқылы Қазақстанның әр өңірінен туристер тарту қажет. Сол өңірдің мәдениетін, жергілікті салт-дәстүрін көрсетуге арналған іс-шаралар ұйымдастырып, ішкі туризмді дамытуға болады.

Екіншіден, әр өңірдің ерекшелігіне байланысты туристік өнім жасаған дұрыс. Мысалы, Түркістан облысын көкпардың немесе шығыс тағамдарының орталығы ретінде жарнамалуға болады. Осылай әр өңірге сәйкес позиция болу керек, – дейді туризм саласының сарапшы маманы Нұржан Әбдіразақов.

Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша былтыр Қазақстанға келген туристер саны рекордтық деңгейге жеткен. Мысалы, пандемиядан кейін елімізге 6,9 миллион адам келген екен. Сала мамандарының айтуынша, бұл көрсеткіш биыл бұдан да жақсара түспек. Демек әлі де саяхатшылардың пікірін ескеріп, Сырдағы туризмді дамытуға кеш емес.

**Г.НҰРТАЙҚЫЗЫ**

# ЖОЛ АПАТЫ: ҚАЙҒЫ МЕН ӨКІНІШ

**Студенттік жылдары Айна есімді құрбымыз болды. Өзі сұлу, білімді, болашаққа жоспары көп болатын. Ата-анасы қатарынан кем қылмай өсірді, оқу бітіруге сәл қалғанда арманындағы су жаңа көлікті де тізгіндеді. Бірақ оның бір кемшілігі – асығыс жүретін. Ақпан айында Айнаның көлік жылдамдығын асырып, қарсы бетке шығып кеткенін естігенде қатты есеңгіреп қалдық. Жол апатынан қаза тапқан құрбымның анасын кездестіргенімде көңілім қайта құлазып, өткенге оралдым. Бұл тақырыпты қозғаудағы мақсат бір адамға болса да ой салу еді.**



**АЙЫППҰЛДАН ТҮРМЕГЕ ДЕЙІН: ЖҮРГІЗУШІЛЕР ЖЕҢІЛДІКТЕН АЙРЫЛУЫ МҮМКІН**

Байқап қарасаңыз, жыл сайын көлік апатына тап болып, адамдардың мерт болу факторлары автокөлік санының өсуімен бірге көбейіп келеді. Оқыс оқиға олардың жақындарының жанына жара салып, тіпті Айна секілді отбасындағы жалғыз қызының жолына қарап, болашағынан үміт күткен ата-ана үшін ауыр соғады.

Қынжылтатыны, қанша дабыл қағылса да өлім-жітім азаймай тұр. Статистика солай дейді. Ішкі істер министрлігі жол-көлік оқиғалары салдарынан болатын өлім-жітімнің үш түрлі себебі қазіргі уақытта кең тарағанын хабарлады. Олар – қарама-қарсы жолаққа шығып соқтығысу, жаяу жүргіншілерді қағып кету, көліктердің аударылуы. Осы үш себепте жол-көлік оқиғаларында қаза болғандардың 56%-ін құрайды. Әрбір бесінші оқиға жылдамдықтың артуына байланысты орын алады. Әрбір алтыншы оқиға маневр жасаумен, ал әрбір сегізінші оқиға жылдамдықты арттырумен байланысты. Биыл барлық көрсеткіш бойынша ЖКО-ның өсімі байқалады. ЖКО саны 9%-ға, жол-көлік оқиғаларынан қаза болғандар саны бойынша – 17%-ға артты. Зардап шеккендер саны – 9%-ға, 9533-тен 10390-ға дейін өскен.

Ал өңірде жыл басында 34-тен аса жол көлік оқиғасы тіркеліп, 20 адам көз жұмған. 48 азамат түрлі дене жарақатын алды деген дерек бар. Сондай-ақ жол тәртібін бұзған 5982 жағдай анықталды. Оның үш мыңға жуығы жол көлік оқиғасына тікелей байланысты. Атап айтқанда, көлікті мас күйінде жүргізген – 104, жаяу жүргіншіге жол бермеген – 120, жылдамдықты шектен тыс асырған – 2084 дерек тіркелді. Анықталған деректер бойынша құқықтық шара қолданылған. Облыстық полиция департаменті ЖПҚБ бастығының орынбасары, полиция подполковнигі Марат Рахметов облыс көлемінде бірнеше ірі жол-көлік оқиғалары орын алғанын мәлімдеді.

– Өткен жылы «Қызылорда-Құмкөл» шаруашылық маңызы бар тас жолдың 69 шақырымында екі автокөліктің соқтығысу салдарынан 5 адам қаза тауып, 5 адам дене жарақатын алды. Бұдан бөлек, «Ширкейлі» каналының тұсында екі көлік соқтығысып, біреуі суға құлап кеткен. Көлік құтқарушылар күшімен жағаға шығарылды, салоннан екі әйелдің денесі табылды. Биыл Самара – Шымкент тас жолының Қармақшы ауданы, Төребай би ауылының тұсында Volkswagen Transporter автокөлігімен қарсы бағытта келе жатқан Audi автокөлігі соқтығысқан. Апат салдарынан Audi автокөлігінің екі жолаушысы оқиға орнында көз жұмды. Екі автокөліктің екі жолаушысы ауруханаға жеткізілді. Арал ауданында да жол-көлік оқиғасынан бір адам қаза тауып, екі адам жарақат алды. Мұндай апат көп тіркеледі және талдау нәтижелеріне сәйкес 20-35 жас аралығындағы азаматтар жол-көлік оқиғаларын жиі жасайтыны анықталып отыр. Масаң күйде көлік тізгіндейтіндер, қауіпсіздік белдігін тағуды ескермейтіндер, көлікті басқарып келе жатып ұялы телефонмен тілдесетіндер, тағысын тағы себеп болуы мүмкін. Осындай қарапайым ережелерді қаперден шығару қайғыға душар етеді. Мәселен, масаң күйде көлік тізгіндеп, жол қозғалысы ережесін бұзғандар түрмеден бір-ақ шығуы мүмкін. Президент бұл мәселеде жауапкершілікті күшейтуді тапсырды. Қазір жол ережесін бұзған көлік иесі қандай деңгейде мас болды деген заңда ешқандай айырма көрсетілмейді. Қаннан алкоголь табылса, онда ол бірден ауыр қылмыс санатына жатқызылады, татуласуға мүмкіндік берілмейді, 7 жылдан 10 жылға дейін бас бостандығынан және жүргізуші куәлігінен айырылады. Жол-көлік оқиғаларының салдарын төмендету мақсатында қағида талаптарына сәйкес, белдік тақпаған жолаушыларды тасымалдамауға тыйым салынған. Өткен жылы облыста аталған тармақты орындамаған 6497 бір құқық бұзушылық деректері анықталса, нақты дәлелдеме келтіре отырып, құзыретті органдарға немесе «102»-ге шағымдануға құқылы.

жүргізуші анықталып, тиісті шара көрілді. Айта кету керек, бір жылда бестен артық ереже бұзған жүргізушілер жол қозғалысы ережелерін бұзғаны үшін 50 пайыз жеңілдікпен әкімшілік айыппұл төлеу мүмкіндігінен айрылуы мүмкін. Бұл бастама тек ұсыныс ретінде қарастырылып жатыр. Қазір норма қолданылмайды және заңға енгізілген жоқ, – дейді М.Рахметов.

Сондай-ақ «Қоғамдық көлік жүргізушілері көлікті басқару кезінде ұялы телефонмен жиі сөйлеседі, бірі-бірінің алдына түсіп, жарысады» деген тұрғындар шағымын жеткізген едік. Бұл ретте мұндай жайттардың тіркелгенін жасырмады. Алдағы уақытта да тұрғындар қоғамдық көлік жүргізушілері тарапынан қандайда

**«ЖОЛ ЕРЕЖЕСІН БАЛАЛАР ДА БІЛУІ КЕРЕК»**

Балалардың қауіпсіздігі қашанда өзекті. Мәселен, балалар апаттан зардап шеккендердің жалпы санының 15,8%-ын құрайды. Бұл ретте кәмелетке толмағандардың қатысуымен орын алған жол апаттары себептерінің бірі – ересектер балалардың жолда жүруіне немқұрайлы қарайды. Сонымен қатар 12 жасқа дейінгі балаларды арнайы ұстау құрылғысы немесе баланы қауіпсіздік белдігінің көмегімен отырғызып қоюға мүмкіндік беретін арнайы ұстау құрылғысы болмаған кезде талаптарды сақтамайды. Жасалған орны бойынша жол апаттарының негізгі бөлігінің 74%-ы, яғни 2 724-і елді мекендерде, 635-і халықаралық, республикалық маңызы бар трассаларда, 318-і облыстық, аудандық маңызы бар жолдарда тіркелген. Көбінесе ЖКО көлік құралдарының соқтығысуынан – 1515, сондай-ақ жаяу жүргіншілерді қағып кетуінен 1377 факт орын алған.

Сондай-ақ, балалардың жолаушы ғана емес, жаяу жүргінші екенін де ескеру керек. Балаларға жол қозғалысы ережелерін үйрету оқыс жайттардың алдын алады.

– Жаңа оқу жылы басталар тұста оқушылар бағдаршамның жасыл түсі жанғанның өзінде келе жатқан көлік тоқтады ма, жақсылап қарап барып өткені жөн. Өйткені кейбір автокөлік иелері жасыл жанса да бірден тоқтамай, жылдамдығын тежей алмай, жолақтан асып тоқтайтыны жасырын емес. Кейбір жүргізушілердің жан-жағына қарамай бастырмалата жүретіні, кей адамдардың көлікті рұқсат етілмеген тротуарларға, мектеп, балабақша ауласына жақын қоятыны бар. Бір сөзбен айтқанда, балаларға жол ережесін барынша түсіндіруге тиіспіз, – дейді мамандар.

Бұған қоса, қала көшелерінде жүйткіген, түн тыныштығын бұзатын мотокөліктің дыбысын жиі еститінбіз. Осыған дейін 500-ге жуық жол жүру қағидаларының бұзу дерегі анықталса, оның 5 дерегінде жүргізушілер мотоциклді масаң күйде басқарғаны анықталған. Жылдамдыққа құштар жасөспірімдердің хоббиі алаңдатады. Дегенмен қазір профилактиканы күшейту және жүргізушілерді сақтандыру мақсатында «Мотоцикл» шарасы ұйымдастырылып жүр, нәтиже жаман емес. Бірақ жастар сақтыққа салғырт болмау керек.

**ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕ НЕ ДЕЙДІ?**

Жоғарыда басты қауіптің неден келетінін тарқаттық. Соның ішінде қоғамдық көлік жүргізушілерінің ұялы телефонмен сөйлесіп, тіпті хабарлама жазысып көлік айдайтыны келтірілді. Осы орайда шетелдік тәжірибеден ұтымды мысалдар ұсынсақ.

Жапонияның «Toyota Motor» корпорациясы KDDI телекоммуникациялық компаниясымен бірігіп, сондай-ақ «Komeda» кафелер желісінің қолдауымен Driving Barista деген құрылғы жасап шығарды. Бұл құрылғы жүргізушілерді көлік айдау кезінде смартфоннан бас тартуға мәжбүрлейді екен. Жаңа мобильді қосымшаны кез келген смартфонға орнатуға болады. Жүргізуші бұл қосымшаны пайдалану үшін көлікке отырарда смартфонын төңкеріп қоюы керек. Ол кезде жүргізушіге жүрген уақытына қарай ұпай жиналады. Жүргізуші ұялы телефонды пайдаланбай 100 шақырым жүріп өтсе, «Komeda» кафесінен тегін кофе ішу мүмкіндігіне ие. Мұнан кейін жүргізушіге әрбір 200 шақырым үшін осы кафеден тегін кофе ішуге арналған купон беріледі. Ал, жүргізуші көлік ішінде байқаусызда смартфонына қол созса, жинаған ұпай күйіп кетеді. Аталған жоба Жапониядағы ең көп жол-көлік оқиғасы тіркелген Айчи префектурасында жүзеге аса бастаған.

Ал жол сапасы жөнінен әлемде алдыңғы орында тұрған Ұлыбритания жолда мерт болғандардың саны жөнінен ең төменгі көрсеткішке ие. 100 мың тұрғынға 5,4 деңгейде. Бұл елде 1970 жылдан бері жол-көлік оқиғасынан қаза тапқандар саны азайып келеді. Жаяу жүргіншілерді қағып кету оқиғасы 40 жылда 78 процентке азайған. Сонымен қатар Оңтүстік Корея елінде жол апатымен жылдамдықты шектеу арқылы күреседі. Ғалымдардың зерттеуінше, жылдамдықты 10 процентке қысқарту арқылы адам өлімін 50 процентке азайтуға мүмкіндік бар. Осындай озық тәсілдерді елімізде қолдансақ, қаншама адамның өмірін қауіп-қатерден сақтап қалар ма едік?!

Ең бастысы, мақалада келтірілген оқиға, бір отбасының тағдыры, жауапты мамандар келтірген мысал көпке сабақ болады деген үміт басым.

**М.СНАДИН**



# «ЖҰМЫСТЫҢ АУЫРЫНАН ҚАШҚАНЫМ ЖОҚ»

**Дәрігер болу жігер мен табандылықты қажет етеді. Үздіксіз ізденіс, жан-жақты білім ғана мамандықтың қыр-сырын үйренуге жол ашады. Бүгінгі кейіпкер Айнұр Тоқшылықова да аталған сынақтан сүрінбей өтіп, медицина саласының білгіріне айналғандардың бірі. Бүгінде М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетінің аға оқытушысы, дәрігер-реаниматолог сан науқастың дертіне дауа табуына септесіп келеді.**

Айнұр бала кезінен дәрігер болуды армандаған. Бала арманы нақты мақсатқа айналып, көп өтпей саланы жан-жақтан зерттеуге көшкен. Қосымша мәліметтен бөлек, өмірлік жағдай да аталған бағытқа жақындата түскен секілді. Ата-анасы сырқаттанған шақта алғашқы көмек, науқасқа күтім жасау секілді дағдыларды үйрене бастады. Салалық әдебиеттер, оқулықтармен де ерте танысты. Мектепті үздік бітірген соң дәрігер атану мақсатында М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетіне оқуға түседі. Айнұрдың өзі өмірдің бұл белесін былайша еске алады:

– Медицина академиясын таңдағаныма өкінбеймін. Алғашында мемлекеттік білім гранты есебінен оқуға ниеттенген едім. Алайда қажетті балл жинай алмаған соң ақылы бөлімге оқуға түсуге тура келді. Табандылық пен іздену нәтижесінде 2-курстан бастап тегін оқуға қол жеткіздім. Осылайша оқуды үздік аяқтап, сала маманына айналдым. Тек жұмыспен шектелмей, оқуымды жалғастыру да назардан тыс қалмады. Себебі мамандық салғырттықты көтермейді. Науқастардың өмірі мен денсаулығына жауапты болудың жүгін сезінудемін, – дейді ол.

Айнұрдың еңбек жолы медицина саласының қайнаған қызу тіршілігіне тым жақын. Мәселен, оның алғашқы қызметі – учаскелік дәрігер. Ол түнгі ауысымда жұмыс істеп, шыдамды шыңдай түсті. Тіпті, осы аралықта резидентураға оқуға тапсырып, анестезиолог-реаниматолог дәрігер болып жұмыс істеді. Сондай-ақ білген дағды, игерген білімін кейінгіге үйретуді де мақсат тұтты. Осы оймен өзі білім алған университетте сабақ беруге де уақыт тапты.

– Жұмыстың ауырынан қашқаным жоқ. Түнгі ауысымда қызмет істегенім де рас. Сонда да білімімді жалғастыруды мақсат еттім. Жан-жақты ізденіп, науқас дертін емдеудің жолын зерттеуге қадам жасадым. Қазіргі таңда Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті анестезиология және реаниматолог кафедрасының аға оқытушысы және ауруханада дәрігер-реаниматолог болып қызмет істеймін. Дәрігер болған соң уақытпен санасу деген түсінік жоқ. 24 сағат жұмыс істеуге дайын болу керек. Кейде науқастар беймезгіл уақытта мазалайтын жағдайлар кездеседі. Бәріне үлгеруге, көмектесуге тырысамын. Бұл артық жүктеме, шектен тыс жұмыс істеу емес. Бар болғаны мамандыққа адалдық, науқастарға көмектесуге деген құлшыныс, – дейді дәрігер.

Салаға салғырт қарамау, мамандыққа жан-тәніңмен берілу – табысқа жетелейтін қадам. Айнұрдың бойынан аталған қасиеттің бәрін көруге болады. Халық саулығын қадағалау жолында еңбек еткен мұндай маман қандай құрметке болсын лайық екені сөзсіз.

**Мөлдір КЕНЖЕҒҰЛОВА**

# ДӘРУМЕН ТӘНГЕ ДАУА



Дәрумен – адам ағзасына қажетті құнар. Ол тек ағзаның қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз етіп қоймай, дене және ой еңбегін арттыруға ықпал жасайды. Ауруға қарсы тұру үшін де маңызы зор. Тағам құрамында витаминдер жеткіліксіз болса, организмнің жұмысы нашарлап, ауруға шалдығуы ықтимал.

Витаминдердің басым дені өсімдік пен жануар өнімдерінен алынатын азық-түліктерде болады. Адам әртүрлі тағам тұтыну арқылы өзіне қажет витаминді алады. Жалпы дәрумендерді латын әліпбиінің бас әріптерімен белгіленіп, физикалық-химиялық қасиетіне қарай 2 топқа бөледі.

Алғашқысы – суда еритіндер (С,Р,РР, және В тобының витаминдері). кейінгісі – майда еритіндер (А,Д,К,Е). Қайсысы болмасын, адам тәнінің жақсыруына айтарлықтай септеседі. Мысалы, А витамині организмнің өсуіне және дамып, жетілуіне әсер тигізеді. Егер А витамині жетіспесе, адам қараңғыда көзі көрмейтін ақшам соқыр ауруына шалдығады. Аталған дәрумен балық бауырында, теңіз алабұғасында, сарымайда, сәбізде, қызанақта болады.

Ал С витамині түрлі жұқпалы ауруларға қарсы тұруға көмектесіп, сүйек пен тістің мықтылығын жақсартады. С дәрмені организмге қыста және көктемде көбірек қажет. Аталған витамин ағзада жетклікті болу үшін көкөніс пен жеміс-жидек, ашыған қырық қабат тұтынуды арттырған жөн.

Тағы бір маңызды дәрумен – В витамині. Оның В1, В2, В6, В12 секілді түрі көп. Бұл топтағы дәрумендер зат алмасу, ферменттік реакцияларды реттейді. В1 витаминінің жетіспеуі сал ауруына, жүрек ауруына шалдықтыруы мүмкін.

Пайдалы дәрумендер қатарына Д витаминін де қосуға болады. Ол организмде күн сәулесінің әсерінен түзіледі. Бұл витаминнің жетіспеуінен жас нәрестелер мешел ауруымен ауыруы ықтимал. Салдарынан баланың ұйқысы нашарлап, қаңқасы дұрыс қалыптаспайды. Аяқ сүйектері қисайып, басы мен іші үлкенболады. Бұл аурудан сақтану үшін бала таза ауада, күн шуақта көбірек серуендеуі керек.

Дәрумендердің пайдасын арттыру үшін саламатты өмір салын сақтап, денешынықтыруды есте ұстаған абзал. Сонда ғана витаминдердің де құнары артып, қалыпты өмір бұзылмасы анық.

**Мейрамгүл МАҚСАТБАЕВА,**
**Қазалы ауданаралық ауруханасының дәріхана провизоры**

# ТРАНСПЛАНТАЦИЯ – ЕКІНШІ ӨМІР



Отандық медицинаның қарқыны жылдан-жылға артып келеді. Әлемнің санаулы елінде жасалатын күрделі операциялар Қазақстанда жүзеге асып, мамандардың білік деңгейі артуда. Соның ішінде ағза мүшесінің трансплантациясын баса айтуға болатындай. Науқасқа аяққа тұрып, өмірге үмітпен қаруға жол ашқан медицинаның аталған саласы біз үшін де таңсық емес. Тіпті, жыл сайын бүйрегін беріп, бауырын ауыстырған азаматтардың қатары көбейгені жасырын емес.

Алдымен статистикаға жүгінейік. ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің дерегіне сүйенсек, Қазақстанда ағза мүшесінің трансплантациясы бойынша 100-ден астам операция жасалған көрінеді. Бұл – соңғы 6 айдағы дерек. Яғни, халықтың медицина мүмкіндігі мен денсулық сақтау саласына деген түсінігі түбегейлі өзгергенінің көрінісі. Тіпті, Еуропада кездесетін марқұмның ағзасын трансплантация үшін пайдалану бастамасы да Қазақстанда қолға алынуда. Министрліктің мәліметінше, қайтыс болғаннан кейін ағза доноры болуға ықтияр азамат gov.kz порталы арқылы алдын ала келісім қалдыра алады. Мысалы, 2020 жылдан бері порталда 18 мыңға жуық өтінім тіркелген. Алайда уақыт өте 17 мыңнан аса адам донорлықтан бас тартса, мыңға жуығы келісімін жоймаған.

– Өткен жылы республиканың трансплантация орталықтарында ағза мүшесінің транспланттау бойынша 171 операция жасалды. Оның ішінде 4 өлі донордан 10 ағза мүшесі, көзі тірі донорлардан 161 ағза мүшесі ауыстырылды. Ал биылғы жартыжылдықта трансплантация орталығында ағза мүшесін алмастыру бойынша 104 операция жасалды, – делінген министрлік мәліметінде.

Осы орайда ағза донорлығының басым бағытын айта кеткен жөн. Ол – сапалы ота, ем-шара. Яғни, трансплантацияға келісу бір бөлек, сапалы ота жасау мүлде басқа. Себебі аталған сала салғырттықты көтермейді. Ағза мүшесін ауыстыру кезінде екі адамның өмірі қыл үстінде болатынын, кейінгі нәтиже дәрігерге қатысты екенін ескерсек, мәселеге мән берудің сыры ашылады. Маманның білігі жеткіліксіз, материалдық-техникалық база әзір болмаса, көрсеткіш төмен болары анық. Сондықтан құзырлы мекемелердің лицензиясы, маман біліктілігін қадағалау басты назарда. Соңғы дерекке сәйкес, Қазақстанда 6 трансплантация орталығы, 40 донорлық стационар, 26 стационарлық және 16 аймақтық трансплантация үйлестірушісі бар. 2012 жылдан бері елімізде Трансплантация бойынша республикалық үйлестіру орталығы жұмыс істейді. Оның басты міндеті – Қазақстан Республикасында ағза мүшесі донорлығының тиімді ұлттық жүйесін құру.

**САУЛЫҚ САУДАЛАНБАУ ҚАЖЕТ**

Әлеуметтік жағдайы төмен, қоғамдық сауат пен жауапкершілік аз елде небір сұмдықтың жүзеге асатыны белгілі. Әлемдік дағдарыс пен соғыс зардабынан қалжыраған Таяу Шығыс мемлекеттері, ағзаны «қара базарда» саудалайтын кей Қиыр Шығыс елдеріндегі ахуал жақсы таныс. Күнелту үшін бүйрегін сатып, азық үшін бауырын берген оқиғаны жаңалықтан еститінбіз. Бір қарағанда қорқынышты шығармаға ұқсайтын жайт Қазақстанды да сырт айналмаған. Жуырда отандық БАҚ несиесін төлеу үшін заңсыз жолмен ағза мүшесін сатпақ болған азаматтар туралы хабар таратты. Қызығы, кейіпкердің басым дені оңтүстік өңірден. Арасында қызылордалық та бар. Айтуынша, несиеден құтылу үшін осындай қадамға баруға мәжбүр. Тұрмыс тауқыметін сылтау еткен азаматтар құқық қорғау мамандарының қолына түспеу үшін барын салуда. Сауда әлеуметтік желі арқылы жүргізіледі. Сенімді келісім, нақты талаптар сақталмасы анық.

2020 жылы ҚР ҚК 116-бабы бойынша органдар мен тіндерді пайдалану немесе заңсыз алуға мәжбүрлеу бойынша 57 іс болған, оның 37-і іс жүргізумен аяқталыпты. Ал 20 жағдайда күдікті мен айыпталушы қылмыстық қудалау органдарынан жасырынған немесе оқиға орны анықталмағандықтан іс тоқтатылған. Ал соңғы 2 жылда құқық қорғау органдары аталған дерекке кезікпеген көрінеді. Алайда қылмыс жазасыз қалмайды. Адамның ағзалары мен тіндерін алуға мәжбүрлеу немесе заңсыз алу 8 жылдан 12 жылға дейін бас бостандығынан айыру және мүлкін тәркілеу жазасына әкеледі.

Жақын адамның өмірін сақтап қалу үшін донор болу – адамгершілік. Алайда пайда табу мақсатында мұндай қадамға баруды ақтау орынсыз болар. Оның үстіне заңға да қайшы. Ал заң аясында әрекет ету, мұқтажға шынайы жәрдемдесудің жолы тым бөлек. Мысалы, «Сенім» бүйрегі ауыстырылған мүгедектер қоғамы көпке таныс. Онда науқастар бір-біріне көмектесіп, кеңес алмасады. Олар бүйрекке не қажет екенін, жасанды алмастырушы диализбен өмір сүру ауыртпалығын терең түйсінеді. Бүгінде Қазақстанда 3 562 пациент донорлық органдарды трансплантациялауды қажет етсе, олардың 79-ы балалар екен.

Медицина жетістігі адам өмірін құтқаруға бағытталған шараларды кешенді жүргізуге мүмкіндік беруде. Трансплантация саласындағы күрделі бағыттың бірі – жүрек трансплантациясын жасау ісін жетілдіру жағдайдың оң нәтиже көрсетуіне ықпал етті. Бұл орайда Қазақстандағы Ұлттық ғылыми онкология және трансплантология орталығы жемісті еңбек етуде. Бүгінге дейін орталық 80 жүрек трансплантациясын жасаған. Ал 2016 жылы өкпе трансплантациясы операциясы сәтті өткізген еді. Қазіргі таңда 12 өкпе трансплантаты бар орталық Қазақстан мен Орталық Азиядағы жүрек пен өкпені трансплантациялауды жүзеге асыратын жалғыз клиника.

Ағза мүшесінің донорлығы туралы оң көзқарас қалыптастыру, қоғамдық сананы жетілдіру денсаулық сақтау саласы үшін маңызы зор. Сондықтан бұл бағыттағы ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізу кезек күттірмесі анық.

**Берен ШАҒЫРОВ**



# ҰЛЫҚБЕКТІҢ ҰСТАХАНАСЫ



**Көлік дегеніңіз, қызыққа толы әлем. Әп-сәтте жүріп тұрған тұлпарыңыздан ақау шығып, "өлікке" айналуы мүмкін. Мұны көлік тізгіндеушілер жақсы біледі. Дегенмен істен шыққан тұлпарды "зауыттан" қайта құрылғандай ететін ұста да жоқ емес. Жақында бір танысым ескі көлігін жаңалапты. Сыртқы көрінісі көпшілік қызығатындай. Барлығымыз шебердің шеберлігіне таңқалдық. Әдетте мұндай істе тәжірибесі мол, сол салада 15-20 жыл еңбек еткендер еске түседі. Содан мән-жайды сұрастырдық. Әлгі көлікті Ұлықбек есімді азамат әрлепті. Өзбекстанда өмірге келгенімен, негізгі тіршілігі Қызылордадан бұйырыпты. Не керек мекен-жайын сұрап, Ұлықбектің ұстаханасын көзбен көргенді жөн санадық.**

### ТҰТАС БІР АУЫЛ КӨЛІК МАМАНДАРЫ

Ақмешіт мөлтек ауданындағы Ұлықбектің қызмет орнына ат басын бұрдық. Ұстаханасы аядай болғанымен, кезек күтетіндер көп екен. Сырлаудың сақа шебері шеберханасында «Nissan teana" маркалы автоны бояуға әзірлеп жатыр екен. Бізді көргеннен аздап бөгелді. Жөн сұрасып, Ұлықбектің өмірлік архивын ақтардық.

– Жастық жалын Өзбекстанда өтті. Ағайын-туыстың барлығы сонда. Жалпы ол жақта жастар еңбекке ерте бейімделеді. Мектепті бітіре салысымен шаңырақтың үлкен бір мүшесіне айналасың. Үйдің бюджетіне ортақтасуың керек. Жауапкершілік жүктелгеннен кейін жан-жағымызға жалтақтай бастаймыз. Негізі біз тұратын Хива қаласы көлік жөндеушілердің мекені. Мысалы, Намангам, Хорезм секілді қалалардың тұрғындары құрылысқа икемді болса, біздің өңір көлік жөндеуге бейімделген. Сондықтан ата дәстүрді бұзбай жасөспірім шақтан көлікті сырлауға бет бұрдық. Мектепті тәмамдаған соң әкем ауылдағы ағайынның біріне «жетектетіп» жіберді. Осылайша 2001 жылы Қызылорда қаласына жолымыз түсті. Алғашында үйрену үшін майда-шатпақ жұмыстарды істей бастадым. Мектепті жаңа бітірген жас балаға бірден ірі жұмыстарды сеніп тапсыруға кім болмасын үрейленеді. Сондықтан бірнеше уақытымыз мықты мамандардың көмекшісі болумен өтті.

### «АЛҒАШҚЫ ТАПСЫРЫСТЫ САҒЫНЫШПЕН ЕСКЕ АЛАМЫН»

Кәмелет жасқа толмаған Ұлықбек үшін тәуекелге бел буу қиынға соқпаған. Өйткені үйінің үкілеген үмітін ақтау үшін жас шебер 18 жасында нағыз маманға айналған.

– Ауылдан жырақтап кеткен соң үйдегілер де үмітпен қарайды. Сондықтан жеке кетіп, қалайда қаражат табуға бекіндім. Өз-өзіме сенімім зор еді. Алғашқы тапсырыс түскенде біршама толқығанымды осы күні сағынышпен еске аламын. Бастапқыда «орынның жалға алу құнын төлей алмай қаламын ба?» деген қауіп болды. Бірте-бірте айналама адамдар үйіріле бастады. Кісі ақысын жемей, не нәрсені де адал істеу – негізгі ұраным. Бәлкім содан болар тұрақты клиенттер де пайда болды. Алғашқы табысымды әке-шешіме жібергенде үлкен бақытқа кенелдім.

### СЕЛҚОСТЫҚ ҚАЗАҚСТАННАН КЕТІРДІ

Ұлықбектің өмірлік деректері шытырманға толы. Бір кездері ол Қазақстаннан біржола кетуге де мәжбүр болған екен.

– Қызылордаға үйреніп қалғаннан кейін өз еліме қайтуға асықпайтын болдым. Екі жылда бір барып тұрсам, кейіннен мүлдем жол түспейтінді әдетке айналдырдым. Өйткені жұмыс қауырт, тапсырыс көп еді. Уақыттың тығыздығы соншалық күнтізбедегі күндердің өзін шатастыра бастадым. Жұмысқа деген фанатизм құжатқа селқостық танытуға әкеп соқтырды. Бір мекен-жайдан шықпайтын болғандықтан, тексеріп келіп жатқан полиция қызметкерлерін де байқамайтын болдым. Содан жылдар өтіп, ауылға жиналғанымда құжат мерзімінің уақыты өтіп кеткенін байқадым. Шекара қызметінде Қазақстанға кіруге 5 жыл тиым салды. Осылайша үйреншікті мекеннен кетуге тура келді. Бірақ бұл кәсіп тоқтаған жоқ. Ресейге барып, қызмет пен тәжірибе одан әрі жалғасын тапты. Бірақ Қызылорда әрдайым өз жұртым секілді көрінетін. Биыл шектеу мерзімі аяқталып, Сыр өңірімен қайта қауышып, ескі достармен басым қосып, жұмысым жалғасын тауып жатыр.

### КӨЛІКТІ КҮНДІЗ САТЫП АЛУ КЕРЕК

20 жылдан аса тәжірибесі бар Ұлықбектің шеберлігіне ешкім шүбә келтірмейді. Шаһарда шын шеберге айналған маманның кеңесі теміртұлпар тізгіндегендер үшін құнды. Көлік сатып аларда бірнеше факторға мән беру керек екенін алға тартты.

– Сатылымға шыққан көлікті тексерудің ең басты шарты – күндіз қарау. Танысыңыздан не алдын-ала келіскен кісіден кешкісін барып қарай салу үлкен қателікке ұрындыруы мүмкін. Бөлшек бетіндегі өзгерістерді күндізгі жарықпен ғана анық көре аласыз. Сондай-ақ көліктің жуылған, таза болуына да мән беріңіз. Жасыратын ештеңесі жоқ сатушы еш қорықпастан жарқыратып ұсынуға тиіс. Көліктің соғылғанын, ұрылғанын білдіретін басты белгісі – зауыттық бояу үстіне екінші рет боялуы. Мұны екінің бірі ерікkеннен не сән үшін жасай бермейді. Көбіне бояу сызат түскен жерлерді жасыру үшін жағылады. Сондықтан бірінші кезекте оның боялған-боялмағанына мән беріңіз. Мұны есіктің жақтауларын мұқият қарау арқылы білуге болады. Анықтап қарасаңыз, боялған көлік есігінің жиектерінен екі бояу қабаты байқалады. Көліктің есігін ашып-жапқанда қандай да бір қиындық, кедергі болса, бөтен дыбыс шықса, бұл есіктің бөтен көліктен "көшіп" келгенінің айғағы. Немесе орнынан алынып, қайта салынған. Екі жағдай да көбіне жол апатына түскеннен кейінгі жөндеуде ғана жасалады.

Бүгін де Ұлықбектің ұстаханасының алды көліктен босамай тұр. Телефон соға қалсаңыз, ол қай күні қай сағатта келуге болатынын нақты айтады. Барған уақытыңызда бірден іске кіріседі. Көмекшісі Юсуф пен Бекзат үшеуі гаражға таң бозынан кіріп, түн жамыла шығады. Үшеуінің алтын қолына клиенттерінің бәрі риза. Осы күні маман барлық көліктерді әрлеуге машықтанған. Тіпті шебердің қолынан қымбат маркалы "Lexus 570" пен "Toyota 200" көліктер де әрлеуден өтіпті. Табанды еңбегінің арқасында Ұлықбек шаһарда үлкен құметке ие.

**Ерасыл ШӘРІБЕК,**
**Суреттерді түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ**

# ТАКСИ ҚЫЗМЕТІ: ҚАЙСЫСЫ СЕНІМДІРЕК?



**Бензиннің қымбаттауы такси құнын өсірді. Бұл орайда қай такси қызметін пайдаланарын білмей әбігерге түскендер бар. Себебі қазір «Индрайвер», «Яндекс», «Жұлдыз», «Халық» секілді тасымал қызметін ұсынушылар көп. Негізінен халықаралық талап бойынша таксиде тазалық, қауіпсіздік, техникалық байқаудан өту, сондай-ақ жүргізушінің кем дегенде 5 жыл көлік жүргізу тәжірибесі, диспетчер қызметінің қарастырылуымен қоса таксометр болу керек. Ал біздегі қызмет құны мен сапада үйлесім бар ма?**

Көбіне асыққанда таксиді көшеден тоқтатамыз. Оларда бекітілген белгілі тариф жоқ. Қалаған бағасын айтады, келіссеңіз мінесіз. Оған қоса сізге ғана қызмет көрсетпейді, жолай жолаушыларды да ала кетеді. Бұл сізге ыңғайлы ма, жоқ па ол жағына назар аударылмайды. Ал «Жұлдыз» такси қызметі тек жеке өзіңізге қызмет көрсетеді. Байқағанымыздай, мұнда жүргізушілерді арнайы тексеруден өткізіп, тиісті құжаттарын қабылдауға күш салынады. Бір сөзбен айтқанда, қауіпсіздіктің алғышарттары сақталады. Сонымен қатар «Жұлдызда» бонус қарастырылған. Таксиді әр пайдаланған сайын қосымша ақша жинала береді. Сосын ол 700-800 теңгеге дейін жақындағанда тегін қызмет ұсынылып, ол жүргізушінің жеке шотына аударылады.

– «Жұлдыз» такси қызметін жиі пайдаланамын. Жүргізуші межелі орынға жеткізеді. Артық әңгіме айтпайды, былапыт сөз естімейсің, қысқасы мазаңды алмайды. Сосын курьер қызметі де сенімдірек және уақытылы, – дейді қала тұрғыны Әсел Ақберген.

Компания менеджері де бұл такси қызметінің имиджі қалыптасқанын айтады. Біріншіден, барлық көліктерде компания атауы жазылған. Екіншіден, жүргізуші қажетті құралдармен, соның ішінде GPS-навигатормен қамтылған. Ал үшіншіден, жүргізушілер қылмыс жасамайды. Өйткені олардың әрбір қимылы, жол жүру бағыты, тіпті, қандай жылдамдықпен жүргені мен қайда тоқтағанын біліп отырады.

«Халық» такси халықтың көңілінен шыға ма?» деген сауалды да айналып өтпедік. Бұл такси қызметінің ерекшелігі, компания көлікті өзінен шығарады, бензин құйып береді. Екі жылдан кейін көлік жүргізушінің атына аударылады. Бірақ ол уақытқа дейін бекітілген талап, жүргізушіге берілген меже орындалу керек. Сондықтан болар, мұнда көлік тізгінін қолға алу үшін жұмысқа жауапкершілікпен қарайтындар көп.

«Индрайвер» қосымшасы да қосымша табысты еселеуге сеп. Мұнда да уақытша айдауға көлік, бензинге талон беріледі. Бұған қоса жеке көлігі бар азаматтар да «Индрайвердің» игілігін көруіне мүмкіндік бар. Соңғы кезде бұл мобильдік бағдарлама халық арасында танымал әрі сұранысқа ие бола бастады. Бірақ тәуліктің кез келген уақытында сіздің қауіпсіздігіңізге ешкім жауап бермейді. Тапсырыс берген сәтте жақын маңда жүрген таксистке хабарлама түсіп, ол сізге қоңырау шалады. Мұндай қызмет түрі Ресей, Қазақстан, Қырғызстан, Армения және Өзбекстанда жолға қойылған.Бізде бұл бағдарламаның қызметін көп ретте Айман Арапбай секілді жастар қолданады.

– Қала ішінде кез келген жерге бару үшін «Индрайвер» – тиімді әрі жылдам орындалатын бағдарлама. Алдымен оны қалта телефоныңызға жүктеп, өз аккаунтыңызды (телефон нөмірі бойынша) енгізесіз. Ол тек онлайн жүйеде жұмыс істейді. Сіз тұрған орныңыздан баратын нысанаңызды белгілеп, өзіңізге қолайлы бағаны жазасыз. Арнайы жүйе сіздің айналаңызда тіркелген көліктерге хабар береді. Көп ұзамай 1 минуттың ішінде қоңырау келіп түседі. Бағасына келісе алмаған жағдайда қоңырау уақытын аяқтап, келесі жүргізушімен сөйлесе аласыз. Еш қиындығы жоқ. Тек қалта телефоныңыз интернетке қосулы болуы тиіс, – дейді ол.

Бағдарлама клиентке бағдарланған. Діттеген жерге жеткен соң «Қызмет көңілден шықты ма?» деп сұрау салады, бағалау функциясы бар.

Көпшілік арасында танымал «Яндекс» такси қызметі осыған ұқсас. Мұндағы ақпарат таксидің байланыс деректерін ғана емес, сонымен қатар көлікке отырудың ең төменгі бағасын және километрдің кейінгі бағасын қамтиды. Сондай-ақ такси қызметіне алдын ала қоңырау шалып, диспетчерге барлық сұрақтарыңызды жолдауға болады. Такси қызметтерінің тарифтері әртүрлі болуы мүмкін. Қызметтердің ең жоғары құны төмендейтін және өсетін коэффициенттерін есепке алмай көрсетіледі. Қызметте көрсетілген жол жүрудің болжамды құны такси қызметтерінің тарифтеріне, төмендететін немесе жоғарылататын коэффициенттерді пайдалануға байланысты, қызметті пайдалану шарттарында көрсетілген жағдайларда өзгертілуі мүмкін. Сондай-ақ сапар барысында баратын жер өзгерген жағдайда жолаушының өтініші бойынша және басқа жағдайларда тоқтайды. Айта кету керек, бүгінде қалада такси қызметін ұсынатын «Ақжол», «Максим» секілді ресми компаниялар бар. Олардың да біз жоғарыда келтірген өз тиімділігі қарастырылған.

**P.S.**Қым-қуыт, үнемі жылжуды қажет ететін тіршілікте жеке қауіпсіздігімізді ұмытып кететініміз бар. Бұл ретте полиция қызметкерлері қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтауға кеңес береді. Жекеменшік тасымалдаушылардан бас тартып, (сонымен қатар заңсыз такси қызметі) ресми тіркелген таксиді шақыру керек. Тиісті техникамен, байланыс құралдарымен және GPS-навигатормен жабдықталған таксиде жеке бас қауіпсіздігімен қатар, жүргізушімен дауласудан және көліктің бұзылу қаупінен құтыласыз. Алыс жолға шығарда туыс-достарыңызға автокөліктің нөмірін, шамамен келетін уақыты мен жүргізуші туралы жеке мәліметті хабарлағаныңыз дұрыс. Навигациясы бар телефон болған жағдайда оны жылжу барысында қосу керек. Сақтықта қорлық жоқ екенін ұмытпаңыз!

**Мөлдір САБЫРЖАН**



# ЦИФРЛЫҚ ТЕЛЕВИЗИЯ ДӘУІРІ

Жуырда Сыр өңірі телерадио хабарларын таратуда жаңа кезеңге қадам басты. Еліміз бойынша Ақмола, Атырау, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Абай және Қызылорда облыстарында аналогты телевизияны өшіре отырып, цифрлық эфирлік телевизияға көшу жұмыстары жүргізілді.

Тарихи сәтке бағаланған көшпелі брифингке облыстық қоғамдық даму басқармасы басшысы орынбасарының міндетін атқарушы Артур Раушанбекұлы, «Қазтелерадио» АҚ Қызылорда облыстық радио телехабар тарату дирекциясының директоры Тасболат Әбдікаримұлы мен «Қазтелерадио» АҚ Қызылорда облыстық радио телехабар тарату дирекциясы сату орталығының басшысы Ұлықбек Иманбердіұлы қатысты.

− Алғаш рет Қызылорда қаласы және оған жақын орналасқан 36 елді мекенді қамтыған Цифрлық эфирлік телевизия жүйесі Қызылорда радиотеле-визиялық стансасында 2013 жылы іске қосылды. Ал облыс көлемінде 16 РТС 2020 жылдың маусым айында пайдалануға берілді. Нәтижесінде облысымызды цифрлық теледидармен қамтуға 17 РТС қызмет көрсетуде. Бүгінде өңіріміздің 174 елді мекенінің 550 мыңнан астам тұрғыны, яғни 80%-ы аталған қызметпен қамтылды. Облыста барлығы 30 РТС жоспарланған. Келесі жылы оның 13-інің құрылысы басталады деп жоспарлануда, − деді «Қазтелерадио» АҚ Қызылорда облыстық радио телехабар тарату дирекциясының директоры Т.Әбдікаримұлы.

Қазіргі таңда Қызылорда облысы тұрғындарының 80 пайызы отандық телеарнаны көреді. Сондықтан цифрлық эфирлік телевизияға көшудің бірнеше артықшылығы аймақ халқы үшін тиімді болмақ. Айталық, цифрлық телевизияда бейне мен дыбыстың сапасы жоғары, республикалық маңыздағы қалалар мен облыс орталықтарындағы 30 шақты телеарнаны көру мүмкіндігі қарастырылған әрі жүйеге жылдам қосылуға болады. ЦЭТВ сигналын антенна қабылдайды, сондықтан бірде-бір теледидар антеннасыз көрсетпейді. Алайда тұрғындардың қолданысындағы теледидар DVB-T2 стандартында болса, онда антенна теледидарға тікелей қосылады.

Аналогты телевизияны өшірген соң ЦЭТВ-ға толық көшу процесі нақты алынған өңірдің дайындығына байланысты жүргізіледі. Сондай-ақ халықты алдын ала хабардар ете отырып, ҚР Үкіметінің шешімі негізінде 2025 жылға дейін жүзеге асырылады.

**Гүлдана НҰРТАЙҚЫЗЫ**

# ӨЗГЕРІСТЕН ҮМІТ МОЛ

Биылғы оқу жылы жаңа жүйе мен тың талапқа толы болмақ. ҚР Білім және ғылым министрлігі екіге бөлініп, Оқу-ағарту министрлігі және Ғылым және жоғары білім министрлігі құрылғалы халық өзгеріс орын алатынын іштей сезді. Көп өтпей, саладағы сан сауал шешім тауып, жаңашылдық белең алғаны жасырын емес. Олардың арасында мұғалім жүктемесін азайту, оқу жүйесі, пәндердегі ерекшелік секілді бастамалар бар.

Ел есінде қалған жаңалықтың бірі – пәндер ерекшелігі. Яғни, қазіргі оқу бағдарламасына бірқатар түзетулер енгізіліп, бірінші сынып оқушыларына «Шетел тілі» және «Орыс тілі» пәндері оқытылмайды. Ал барлық сыныптарда «Өзін-өзі тану» пәні алынып тасталынды. Қазақ қоғамында бұл өзгерісті қолдайтындардың қатары көп. Себебі жаңа оқу жылында 1-сыныптарға үш тіл оқытылмайды. Балалар алдымен өз тілінде оқып, жазуды үйреніп, кейін ғана өзге тілдерді меңгереді. Қазақтілді қоғам мен тіл жанашырлары аталған басатма ұлт болашағы мен қауіпсіздігі үшін дер кезінде жасалған қадам екенін айтуда.

Осылайша, қазақ тілді мектептерде 1-сынып оқушысы тек қазақ тілін үйренеді де, екінші сыныпта орыс тілі енгізіледі. Ал орыс тілді мектептерде қазақ тілі мен орыс тілі қатар оқытылады. 3-сыныптан бастап барлығы ағылшын тілін меңгеруге кіріседі.

– Қызылорда облысында қазақ тіліне қатысты мәселе жоғы рас. Алайда өзге өңірде қазақ тілінде сөйлейтін тұрғындардың саны кемуде. Санасы, білімді игеру қабілеті жетілмеген балалар бастауыштан бастап үш тілде білім алып келді. Мұндай қате жүйені өзгертетін кез келді деп ойлаймын. Жаңа оқу жылындағы өзгерісті қуана қабылдауымның себебі де осы, – дейді қала тұрғыны Гүлім Жанбасарова.



Пәнге қатысты жа-ңалық мұны-мен шек-тел-мейді. Биыл «Ең-бекке баулу» және «Бей-нелеу өнері» пәндері 1-сыныптан бастап оқытылмақ. Ал 6-сынып оқушылары музыка пәні ая-сында өз қа-лауы-мен дом-быра тар-туды үйрене алады. Бұған қоса, мектептерде қосымша факультатив есебінен шахматқа жазылуға болады.

Қазақстан тарихы мен Дүниежүзі тарихы пәнін оқытуға да қатысты жаңалық бар. Биыл барлық мектеп үшін бірыңғай және базалық тарих оқулығы әзірленген. Бұдан бөлек, балалардың білімін осы сабақ бойынша бағалау тәртібі де өзгереді. Қорытынды аттестаттау бұрынғыдай жазбаша ғана емес, ауызша да өткізіледі деп жоспарланса, жиынтық бағалау екі түрде жүргізілуі мүмкін.

Ал оқушылар үшін жағымды өзгеріс – оқу аптасының қысқаруы. Биыл жазғы демалыс пен оқу аптасы қысқаратын болады. Демек, оқушылар аптасына 5 күн оқып, және жазғы демалысқа 31 мамырда шығатын болады. Осылайша, 1-сыныптар 35 апта оқыса, 2-11 (12) сыныптар 36 апта білім алады деген сөз. Күзгі каникул – 7 күн, қысқы және көктемгі – 9 күннен болса, 1-сыныптарға қосымша каникул – 7 күн болып бекітілген. Министрлік өкілдерінің сөзінше, оқу жылының ұзақтығын ұлғайту сабақтар санын қысқартуға, бес күндік оқу аптасын іске асыруға мүмкіндік береді.

Ата-аналар үшін де жаңа оқу жылы қызықты тәжірибеге толы болмақ. Жуырда Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетов ата-аналар жиналысын жаңа форматта өткізуге үндеді. Бас ұстаздың айтуынша, әрбір ата-ана баласының жетістігі мен әлсіз тұсы туралы толық ақпарат алатындай мүмкіндік жасалуы шарт. Ол үшін ата-аналармен қарым-қатынасты жаңаша жүргізу талап етіледі.

«Барлық мектеп ата-аналар жиналысын өткізудің жаңа форматына көшуі керек. Оларды жинап алып, басқа адамдардың көзінше баланың үлгерімі мен тәртібін талқылаудан арылған жөн. Оның орнына жеке, топтық немесе ұжымдық форматта ұйымдастырған тиімді», – деді А.Аймағамбетов.

Соңғы ерекшелік қатарында «Алтын белгі» талабының күшеюін айтуға болатындай. Бүгінде «Алтын белгі» атанған түлектердің кейбірі ҰБТ-дан төмен ұпай алып жатады. Бұл білім бағалау жүйесі мен «Алтын белгінің» маңызына қатысты көптеген сауал тудыруда. Осыған байланысты үміткер биылдан бастап үміткерлерге екі талап қойылады. Алғашқысы, 9-сыныптың қорытындысы бойынша қызыл аттестат алу керек. Кейінгісі, 10-11 сыныптардың барлық оқу тоқсаны бойынша «5» деген баға болуы шарт. Сонымен қатар үміткерлер Назарбаев зияткерлік мектептер базасында математикадан емтихан тапсыруы да талап қатарында.

**P.S.** Жаңа оқу жылында аймақтағы 295 мемлекеттік және 16 жекеменшік мектепте 182 мың оқушы білім алады деп жоспарлануда. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 5 мың оқушыға өскен. Түгелге жуық мектеп аталған өзгерісті қолданысқа енгізіп, жаңа жүйенің нәтижесін күтетін болады.

**Берен ШАҒЫРОВ**



**Биыл ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсының туғанына 150 жыл. Атаулы күнге орай республикада көптеген шаралар өтуде. Биылғы жылдың ерекшелігі Алаш ардақтысы, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсының мерейтойы ЮНЕСКО аясында халықаралық деңгейде атап өтілуде. Облыста Қазақстан халқы тілдерінің күні мерекесін атап өтудің облыстық іс-шаралар жоспары бекітілді.**

# АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҰЛТ ҰСТАЗЫ

1-10 қыркүйек аралығында өткізілетін онкүндік шара барысын облыстық қоғамдық даму басқармасының тілдерді дамыту және ономастика бөлімінің басшысы Ләззат Жұмаханқызы тарқатты. Мәселен облыстағы жоғары және арнаулы орта оқу орындары мен жалпы орта білім беретін барлық мектептерде, мектепке дейінгі мекемелерде тілдер күніне орай ашық сабақтар, мәнерлеп оқу байқаулары, пікірсайыстар ұйымдастырылып, кітапханаларда «Тіл – ұлттық қазына», «Дәуірде ізі қалған тұлға» тақырыптарында кітап көрмелері мен әдеби-танымдық кештер, онлайн конференциялары, мәдениет үйлерінде «Ана тілі – сен арқылы тіршілікпен тілдесем» атты поэзиялық концерттер өткізіледі.

– Онкүндіктің алғашқы шарасы – Ұлт ұстазы, ұлы реформатор Ахмет Байтұрсынұлы жайлы дәріс сағаттарын оқуға ғалымдарды, тіл жанашырларын, сала мамандарын тартып отырмыз. Онкүндіктің 3-күнінде облыстық, қалалық, аудандық «Жастар ресурстық орталықтарында» «Ұлт ұстазы – Ахмет» атты кинофильмі көрсетіледі. 6 қыркүйек күні қала, аудандардағы жастардың арасында «Ой мен ойын» интеллектуалды сайыс ұйымдастырылса, одан бөлек те шаралар қамтылады, – деді Л.Есімова.

Ахмет Байтұрсынұлының «Басқадан кем болмас үшін білімді, бай һәм күшті болу керек. Бай болуға кәсіп, білімді болуға оқу, күшті болуға бірлік керек. Сол керектің жолында жұмыс істеу керек» деген сөзі бар. Бұл сөзінен-ақ білімдінің мыңды жығатынын байқау қиын емес.



**Облыста жаңа оқу жылында 3 жаңа мектеп ашылды. Ал жыл соңына дейін 5 мемлекеттік және 1 жеке мектепті пайдалануға беру жоспарланып отыр. Бұл туралы облыстық білім басқармасының басшысы Мейрамбек Шермағанбет хабарлады.**

# 3 ЖАҢА МЕКТЕП АШЫЛДЫ

2022-2023 жаңа оқу жылында аймақтағы 295 мемлекеттік және 16 жекеменшік мектептерде 182 мың оқушы білім алады деп жоспарлануда. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда бес мың оқушыға артқанын білдіреді. Сондай-ақ биыл 36 оқу аптасы бекітілді. Тиісінше, сабақ жоспарының уақыты ұзартылып, оқушылар күніне 5-6 пәннен оқитын болады. Басқарма басшысының айтуынша, қазіргі оқу бағдарламасына бірқатар түзетулер енгізіліп, бірінші сынып оқушыларына «Шетел тілі» және «Орыс тілі пәндері» оқытылмайды. Ал барлық сыныптарда «Өзін-өзі тану» пәні үлгілік оқу жоспарының инвариантты компонентінен алынып тасталды.

Жаңа оқу жылында облыс бойынша 18 мыңға жуық бала бірінші сыныптың табалдырығын аттамақшы.
Осы ретте қазақ тілінде оқытатын мектептерде бірінші сынып оқушылары қазақ тілінде, орыс тілінде оқытатын мектептерде – қазақ және орыс тілдерінде оқытылатын болады. Қазақ мектептерінде орыс тілі пәні 2 сыныптан бастап оқытылатын болса, ағылшын тілі 3 сыныптан бастап оқу жоспарына енгізілмек, – деді Мейрамбек Зинабдинұлы.

Сонымен қатар биыл өңірдегі 30 колледжде 20 мыңға жуық студент білім алады деп күтілуде. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына оқуға түсу үшін өтініштерді қабылдау аяқталды.



**ҚР Мемлекеттік Елтаңба авторы, «Қызылорда облысының Құрметті азаматы» Жандарбек Мәлібеков Сыр жастарымен кездесті. Ә.Тәжібаев атындағы Қызылорда облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында өткен жарқын жүздесу еркін пікір алмасқан жарқын сәттерімен есте қалды.**

# ӨНЕГЕЛІ КЕЗДЕСУ

Шара барысында Ж.Мәлібекұлы Елтаңбаның шығу тарихын баяндап, әрбір бөлігіне тоқталды. Егемен еліміздің саяси маңызды төл таңбасы саналатын Елтаңбаға қатысты жастар өз ойларында жүрген сауалдарын қойды.

Туған жерін жадынан шығармайтынын жеткізген қайраткер сәулетші жақын уақытта аймаққа маңызы ерекше болатын үлкен жобамен қайта келетінін хабарлады. Өнегелі сөздерге, тәлім-тәрбиеге негізделген кездесу абыз ақсақалдың жастарға бата-тілегімен түйінделді.

# ПАТАГОНИЯ АРУЫ



Калифорниядан Нью-Йоркке қоныс аударған күні-ақ жұмыс іздеуді бастадым. Бұл шаһарға бақытсыз елдерден, жоғалған жұрттан, аты жоқ аралдардан бағын іздеп бас сұққан баршаның өткеніндей тырмысқан апталардан соң жергілікті музейлерді басқаратын компанияның антропологиялық бөліміне қызметкер керек бола қалғаны. Әмияныңның жұмырына жұқ болмайтын тиынын естіп қомсынғаныммен, мүшкіл хәлім таңдау жасатпайтын. Міне, Патагония аруын осы жолда кездестірдім.

Өмір жомарт емес деп кім айтады? Өз бәтіңкемнің бауын өзім басып кетіп құлаған күнгі көңілсіздігіме оның не қатысы бар, кеуілденсе бір кәрзеңке түймедағы гүлін үстіңе аудара салатын салты емес пе, антропологиялық бөлімнің Американың ұлттық тарихи музейінің екінші қабатында орналасқанын естігенде ұшып кете жаздадым. Ертесі күні таңда метро бекетіне түсіп келе жатып, өзіме таныс сәтсіздікті ұшыраттым. Ол бұрышта қызғаныштан күйініп, қолы қалтырап темекі шегіп тұр екен. Қараңызшы, арзандау бәтеңке кисе де сау, ұзын аяқтарым бар, білегімде қымбат әшекей жарқырамаса да мықты қолым бар, таңмен таласып Куинстегі аялдамадан пойызға отырамын да, жолаушылармен күлімсіреп есендесемін, кейбіріне «күніңіз жақсы өтсін!» деп сәттілік тілеймін. Құлағымда шаршамас шабыт сыйлайтын EXO әндері ойнайды, сүйікті Кайдың партиясын онымен бірге қосыла шырқаймын: Don't be afraid Love is the way

You can call me monster.

Содан соң Орталық саябақтың тап желкесіндегі аялдамадан шығып, маңайына турист толтырған музейге беттеймін. Ал, сол кезде қуаныштан жылағым келеді. Азияның бір түкпірінде өткен балалық шағымды есіме аламын, ымыртта әжем пісірген кеспеге тойып алған соң майшамның жарығымен кітап оқитын жүдеу кештерді ойлаймын, жүннен тоқылған жамаулы шұлығымды, әпкелерімнен қалған ебедейсіз ұзын көйлектерімді және бойыммен бірдей ауыр қапшық арқалап мақталы алқапта жүрген өзімді көремін. Мұндайда көшедегі бейтаныстың бәрін тоқтатып, «Қарашы, мен сол мақталы алқапта өмір бойы қалып кетпедім, қазір бала кезде өзім суретін журналдан ғана көрген мынау музейде жұмыс істеймін!» – деп айғай салғым келеді. Кейде қымсынбастан еңіреп жылап аламын да, әріптестерім аңғарып, бәрі дұрыс па десе, «көзіме шаң түсіп еді» деп өтірік айтамын. Өзімнің не қара жер бетінде, не ақ бұлттың үстінде екенімді ұғып болмас, күлгін түсті тозаң арасындағы сәттен шығып, айналама байыптап қарағанымда менің мұнда жұмыс атқарғаныма тура бір ай болған екен.

Бөлімде небәрі алты адам жұмыс істейді. Терезесі Калумбус даңғылына қараған кең бөлмені ағаш жақтаушалармен аядай етіп кесіп, сол алтауға жеке отау тіккен, одан әрі құжаттар мен кітаптар салынған сөрелер жалғасады. Әрі қарай ақ жамылғы мен тұмылдырық киіп қана кіруге болатын зерттеу бөлімі, ол жаққа тұмсық сұғуға зауқым жоқ, әлдебір қорымнан табылған сүйектер мен құмыралар тақырыбы мені қызықтырмайды, әрі ғылыми қорытындыларды жариялау міндетін атқаратын маманға ол жақта көлбеңдеп жүру әбес те. Бөлімді Мәлиса Хәрисон есімді елуді еңсерген әйел басқарады. Бой-сойын Алманиядан ауған ата-бабасынан алған ат жақты, пісте мұрынды, еуропалық дидарлы, гавайлық әжесінен қысыңқы қой көздерін бәсірелеген шырақ та суық әйел. Өмірінің он жылын ғылымда «Патагония аруы» деген атпен белгілі, ал, қызметкерлер өзара «Ұйқыдағы сұлу» деп атайтын Латын Америкасынан табылған мумияны зерттеуге арнаған. Бастапқы мамандығы лингвист, Аргентина, Чили даласын мекен ететін үндістердің Араукан тілін, оның ішінде Мапудангу диалектісін зерттейді.

Жұмысқа кіріскен алғашқы апталарда мен «Патагония аруына» назар аудармадым. Ару деп ардақтайтын несі бар, археологтардың көп олжасының бірі. Ары-бері өткенде жәй мүсінге балаушы ем. Қалай болғанда да қатып-семген мумияны екі жүз жыл бұрын өмір сүрген әдемі бойжеткен еді деп қабылдау оңай емес. Оның Әйел тұрықты болғанын Патагонияның суық желінің арқасында бүтін сақталған мүшелері айқындайтын. Ұзын кірпіктері, жартысы жидіп түскен қасы, түтілген бір шуда қолаң шашына қарап оның бір кездегі келбетін елестететінмін. Үстінде ақ гүлдер кестеленген кең етекті қызыл көйлегі болды. Мұны профессор Хәрисон той көйлегі деп түсіндіретін. Топшылауымда бұл қалыңдық киімі емес, бұл көйлектен мен еуропалық винтаж ізін танимын. Бұл испан мәдениетінің осы құрлыққа орныға бастаған кезіне тән сәннің өзгеріске ұшырауы. Бәлкім қыз баланы – оның ең бақытты некелесу күні көз жұмды деген жаманатқа қимайын ба, әйтеуір қазір тамтығы қалған қызыл киімді неке көйлегі еді деуге үзілді-кесілді қарсымын. Иығына жұлдыздар мен жарты ай бейнеленген теңбіл көрпе жамылған. Ондағы аспан денелері үндістердің тәңірілігін танытады. Испан мәдениеті жойдасыз жауласа да үндіс кеңістігін қолөнер әлі ұмытпаған. Алқымында ақ күмістен соққан теңгелі, қоңыраулы бес қатпарлы омырау-тана, маңдайына шұбыртпалы-үзбелі моншақ ілген. Мұның бәрі бұл бойжеткеннің мүсін емес, жер атмосферасын қамтитын табиғи газдардың арқасында өмір сүрген біз секілді көп пақырдың бірі екеніне сендіретін.

Бұл кезде қараша қаздар қайтып, желтоқсан жеткен. Қыстың күні бір тұтам, арқан бойы көтеріледі де, іле дөңгеленіп ұясына қонады. Жұмыс уақыты тұғырланамын дегенше ақшам түсіп, саны самсаған ғимараттағы үнсіздіктен елегізимін. Әр бұрыштан үрейдің құлағы қалқайғанда әлгі бір Бэн Стиллер сомдайтын киноны көргенім бекер болды деп ойлаймын. Алақаныңнан келер күніңді оқитын елтімін, болашағыңды болжар құшынашпын дегендерді айтпаймын, әр адам өзіне көріпкел, бұл белгілер сол күндері көңілім алабұртып, мені күткен бір құбылыстың келе жатқанын аңғартатын.

Сол күні қас қарайса да, әлдебір құжатты қабылдауы тиіс қызметкерді күтіп кідіре бердім. Мөлшерімде ол сүтпісірім уақытта жетуі тиіс еді. Әріптестерім түгел жөнін тапқан, абадан терезелерден қызыл-жасыл жарықтан тәж киген қаланың ымырттағы дүрмегі естіледі. Шәрі әлі көз ілмеген, үрей атаулы ай ауа андыздамай ма, қазір олардың сандалып жүретін шағы емес деп сыбырладым, осы күбірдің өзі маған төніп тұрған қорқынышты айқындайтын. Әсілінде ұятпен жіті жұмыс істейтін жан емеспін, жетіп болмаған қызметкерді тоспай-ақ тайып тұрар ем, бірақ еңсемді бір күш басып тырп еткізбеді. Сөмкемді қажетсіз ашып, жаптым, тартпаларға да мағынасыз үңілдім, мүмкін қазір бәрін тастап, бірінші қабатқа қарай жүгіруім керек шығар? Сұмдық қорқыныштың құрсауында оны күткенім анық.

Әне, есік ашылды. Бұл мен күткен қызметкер емес. Баяу басып жақындады. Сосын, испан тілінде Сәлем деген дауысты анық естідім.

– Hola.

– Өтінем... менің жанымдағы орындыққа отырыңыз. Қонақ қабылдауға дайын емеспін, маған көрінбегеніңіз дұрыс.

– Esta bien, no te preocupes.

Біреудің жайғасқанын желкеммен сездім. Сыбдырын құлақ естіп, көз көркін көрмесе де, жанында біреудің бар екенін ұқтыратын шошымалы сезім. Әлгі Бэн Стилл ойнайтын киноны бекер қарадым, енді мұның бәрін қиялым ойлап тапты, испанша сөйлеген ешкім емес, ол жүрегімнің тарсылы дедім. Сөйтіп алдарқатудың не керегі бар деді екінші ойым: бұл бөлімдегі алты қызметкердің арасында Хәрисон ханымнан басқа ешкім испанша білмейді. Сол мезетте осы қорқынышты ешқашан ұмытпай, өзіммен бірге өмір бойы алып жүретінімді түсіндім.

– Бұл кім? – дедім.

– Quin es por alla? Оның кім екенін сұрадым. Тілім бұралып, гы-гы, по по дегендей дыбыс шықты. Тек, екінші қайталағанда анық дауыстаған сияқтымын.

– Бұл мен...

Көзімнің қиығы ақ гүлдері бар қызыл көйлектің етегін шалды. Жотама жайғасқанның кім екенін сезетін сияқтымын. Тап қазір шындықты таңдасам жынданып кетерімді сеземін, амалы – мойындамау, бұл өз қиялымнан өнген елес деп сескенбеу. Әйтсе де өзім күткен қызметкер қашан жетпек деп үміт-ілгегім сол бейтаныс біреу болғаны рас.

– Сенімен әңгімелескім келді, – деді қызыл етекті. – Осында әр тәулік сайын әлемнің түкпір-түкпірінен туристер келеді. Мен өз денеммен оларға пәни жалғанның өткіншілігін түсіндіретін бейне бір құрал сияқтымын.

– Бұл жаман емес қой? Иә, қандай жолмен болсын біреуге пайдаң тигені жақсы-ақ, – дедім қорғаншақ дауыспен. Әлгі әр қадамын санап келе жатқан қызметкердің жайбасарлығына күйіндім.

– Қалай ойлайсың, сен үшін өмірдің мәні не? – деді ол.

– Өзің армандаған істерді жасап қалу шығар... Соңғы деміңді аларда жүріп өткен жолыңа қарап өкінбесең, өзіңе-өзің риза болсаң жеткілікті емес пе?

– Дұрыс айтасың.

Құжатты қабылдауы тиіс қызметкер ең болмаса кептелістемін деп қоңырау да шалмайды, ал, біз қатар отырып, кілем тоқыған қыздардай шүйіркелесуге жарап қалдық.

– Өзім туралы айтсам тыңдайсың ба? – деді ол.

–...

Терезеден жол шетімен сылдырлап келе жатқан туристерді таситын ат-арбаның күлдірі, сосын жылқының кісінегені естілді.

– Есімім – Суана-Куна. Бұл араукан тілінде үміт және жаңа атқан күн деген мағынаны білдіреді.

– Әдемі екен.

– Балалық шағым, бойжеткен күндерім қос мұхиттың саласында, Патагония жазығында өтті. Бұл бір қысы желді, жазы ызғарлы ашулы мекен, сөйтсе-дағы, мәңгілік жап-жасыл, жер жаннаты дерсің... Сен нағыз чилилік, аргентиналық карнавалдарды көріп пе едің, көрмеген де шығарсың? Түгел жарқырап, алау шашқан, көбелекті еске түсіретін түрлі-түсті ғажап мереке, менің өмірім де сол көбелектің күндік ғұмырындай жалт етіп өте шықты-ау. Тыңдап отырсың ба, өзі?

Құлақ салмасқа амалым бар ма дей жаздадым да:

– Иә... – деп мақұлдадым.

– Жер бетінде ұмыт қалғаныма екі ғасыр болса да, аз өмірім Лент, Попаянда мерекесін атап өту секілді тіршіліктің тәтті жәрмеңкесінде өтті. Бірде айна алдында шашымды тарап отырып, балалық шағымды артқа тастап, бойжеткен бұла күндерге аяқ басқанымды түсіндім. Біз сол айда Семанта Санта мейрамына дайындалумен әуре едік. Сенің ол мерекеден хабарың бар ма?

– Иә, Пасха жексенбісін атап өтетін...

Мен тіпті оның әңгімесін әу деп қостауға жарап қалдым.

– Біз шеру өтетін көшелерді гүлмен әрлеп, өз қолымызбен жасаған қолөнер бұйымдарын саудалау үшін жүгері ұнын салатын, тұз салатын шағын бөшкелерді, ағаш тостағандар мен қасықтарды бояп, күллі Патагония жазығы гүлге малынатын. Тәтті шараптар, кофе мен какаоның жұпары кернеп, теңіз құдайы Е마наның құрметіне бойжеткендерге әтір таратқанда біздің көшелерімізге хош иісі сіңіп қалатын. Біз Семанта Сантаға даяр едік. Сені жалықтырып алмадым ба? Сен алғаш көрген адамыңа қалай баға бересің?

– Адамның келбетіне қарап тұжыру асығыстық-ау. Сөзіне қарап бағалармын...

– Сөзі, баяны адамның айнасы емес пе?

Мен де солай ойлаймын. Бірақ менің сұлулығымды сен көрмедің, жарқыраған қара көздерімді, шиедей еріндерімді, сирағым қысқа болғанымен, дөңгеленген бөксемді көрмедің, жүрегімнің шексіз бақыттан шаттанған дүрсілін, Анд тауларын жаңғыртып ән салатын даусымды сен естімедің. Жалпы, анау залда жатқан «Ұйқыдағы аруға» қарап, сөзімнің бәрі жалған деуге болады.

Екеуміз де бір сәт үнсіз қалдық.

– Үлкен үш әпкем тұрмыс құрған соң, кезегім жеткенін сездім. Бір таңда анам ұзатылатынымды айтты. Біздің отбасы күйеуімді Tados Los Santos фестивалінде байқап ұнатыпты. Қызықты қарашы, оны бәрі біледі екен де, тек менің есімде сақталмапты. Әкем оны сымбатты қараторы жігіт деп сипаттады. Анам еңбекқор деп мақтады. Інім болса, жо-жоқ, сенің күйеу жігітің етжеңді, тапал бойлы азамат, дәстүрлі сомбрэро қалпағын кигенде ол кәдімгі саңырауқұлаққа ұқсап қалады, – деп қуақыланды. Ал, мен болсам... Ол туралы кім не айтса да қуаныштан сықылықтап күле бердім. Мен өз ханзадамды ең күшті Inti құдай, өзімді оның жары Mama Quilla деп білдім. Айтшы, арманмен өмір сүрген жақсы, ә?

– Әрине, біз армандарымызға рақмет айтуға тиіспіз.

– Айтасың-ау, сол армандарымның бірі де орындалмады. Сол Саманта-Санта мерекесі өмірімдегі соңғы карнавал екен. Сол жылы біздің өлкеде жауын-шашын аз болды. Ондай жылдары Тлос құдайдың рақымын алу үшін құрбан шалынатын. Жастардың көз жасы жерді суландырады деп сенетін. Мені мереке үстінде діндарлар ұрлап әкетті...

Мұнан соң екеуміз де тіс жармадық. Ендігісін әлгі қорқыныш жөнімен кетіп, оның орнына еңсені езген ауыр үнсіздік кеңірдегімді буып азапқа түстім. Жан-тәніңмен құтқарғың келетін, бірақ қолыңнан түк келмейтінін өзің ұққан дәрменсіз, шарасыз хәл. Ешқашан сезінбеген бір қайғы.

– Мені ешкім түсінбеді, мен де оларды ұқпадым. Арқанмен матап, Ампато тауына қарай алып жөнелгені, масайтатын сусын бергені есімде. Арғы жағын білмеймін, мүмкін таудың суығына шыдамай қатып қалған шығармын? Ал, Хәрисон ханым тауып алған соң есімді жисам, арада екі жүз жыл өтіп кетіпті.

– Кейде күйеу жігітімді ойлаймын, – деді ол. – Мен үшін көп қайғырды-ау, ә? Көз жасы суалған күні Патагония жазығындағы тағы бір сұлуға ғашық боп, сосын үйленіп, сосын мына қызық ғаламнан қартайып өткен болар?

Мұнан соң өксіп-өксіп жылап жібергенім есімде, ол жұбатпақ болса да, тынышталудан бас тартқаным есімде...

Бір аптадан соң өз жобасына қатысты баяндама әзірлеп, бір құшақ сараптаманың ортасында отырған бөлім басшысына кіріп, төбеден тік түскендей айтып салдым:

– «Ұйқыдағы сұлудың» есімі – Суана-Куна. Оны карнавал кезінде ұрлап, жаңбыр құдайына құрбан шалған.

– Сіз бұл туралы қайдан білесіз?

– Суана-Кунаның өзі айтты.

Бұл жауаптан кейін профессор Хәрисон маған қадала қарады. Жүйкесі тозған әлдекімге деген аянышты, мүсіркеулі көзқарас.

* * *

...Арада бір жыл өткен. Бұл кезде музейде емес, қалалық университеттің жоғалған тілдерді зерттейтін бөлімінде жұмыс істеп жүрдім. Түнгі сағат төртте ұялы телефоным безек қақты. Әлі жантаймаған, ілде көз шырымын енді алмаққа қағаздарымды жинай бастаған уақыт. Түнгі нөмірдің иесі профессор Мәлиса Хәрисон екенін көргенде таңырқадым. Лингвист тәтей көңілсіздіктен телефон шалатындай жақын адамдар емеспіз, өмірдің бір аялдамасында кезігіп қап есендесіп, сосын нөмірі басқа көліктерге отырып кеткен жүзі таныстармыз.

– Тыңдап тұрмын, Хәрисон ханым.

– Сіздің есіктің алдында тұрмын, кездессек бола ма?

Үркер ауғанда үйге қонақ шақырып, кофе ұсынбасым белгілі, тәпішкемді сүйретіп төмен түстім. Әр таңда бөтелке жинайтын дағдысымен Flashing аумағының қоқысын ақтаруға шыққан қожайынның кәрі әкесін дәлізде ұшыраттым. Аққөңіл қария сөйлейтін Хакка-ғаң диалектісін мандарин тілін зерттеушінің өзі ұқпағанда мен жетістіремін бе, екеуміз тек көңіл тілінде, жүзіміздің дарқандығы мен дауысымыздың бейбіт нышаны арқылы түсінісетінбіз.

– Ата, амансыз ба? Сыртта біреу шақырып, соған шықтым, – дедім. Ол сөйлеп-сөйлеп ескі қолшатыр ұсынды. Үйде отырып сезбеппін, көшеде жаңбыр себезгілеп тұрған. Мені байқай сала, профессор көлігінен түсті. Түнгі көйлегінің сыртынан қыстық пәлтесін желбегей іліпті, қолы ауа қармап, эмоциясын басқара алмай тұтықты.

– Мәлиса, сізде бәрі дұрыс па?

– Бүгін білесіз бе, Мен Патагония аруына қатысты күллі деректерді таптым. Ол шынымен сіз айтқандай... Айтыңызшы, ол ақпараттарды қайдан алдыңыз?

– Суана-Кунаның өзі айтты.

– Кешіріңіз мені, кешіңіз, – деп ұйқы көйлегіндегі ханым безек қақты. – Сіз бұл деректерді қай архивтен қарадыңыз? Әлде менің әріптестерім айтты ма? Өтінемін, тек жасырып қалмаңызшы?!

– Суана-Кунаның өзі айтты.

– Өзі айтты? Осы бір ауыз жауабыңызбен мені жынды қылып келесіз!

– Себебі, басқа сөзім жоқ! Хәрисон ханым, қайдағы архив, мен археологтардың жұмағы Латын Америка елдеріне түсімде де барып көрмедім! Араукан тілінде амандаса да алмайтынымды, испаншаның өзін ана тілім қазақшаның дыбысымен зорға сөйлейтінімді көрмейсіз бе? Ол құжатты қолға түсіргенде де не бітіруші едім?

– Құдай үшін маған жақсы қараңызшы! Енді профессор жылай бастады.

– Осы оқиғаны баян қылғанымда әлдебір еліріп ауыратын сырқатқа қарағандай жүзбен зер салғансыз.

– Кешіріңіз, осы жауабыңызға өзіңіз сенесіз бе?

– Сенемін! Өткен уақыттан оралған адамдарға, тарихтың қайталану құбылыстарына қатысты ғылым неліктен жұмған ауызын ашпайды? Физиктер неге жерге қарайды? Чалканның соңғы шаманы қара табанымен шоқ кешіп, зәкір салғанда көкте неліктен бұлт жөңкіліп, найзағай ойнайды? Қарт эскимос жұлдыздардың орналасуына қарап ертеңгі жер сілкінісін қалай дәл болжайды? Бүкіл этиканы жинап қойып, осы жаңалықты менен бұрын біреу айтып қоя ма деген үреймен таң атпай маған қарай жүгіргенше, мына біз өмір сүретін әлемде жауабы жабық жұмбақтардың да барына зер салыңыз. Олар ешқашан ғылымның табиғи радиациялардың көлеңкесі дегендей сандырақтарына бағынған емес.

– Сіз ашулысыз ба?

– Иә, мен ашулымын. Сол сәтте аспан күркіреп нөсер төпеп кетті.

– Мені кешіріңіз.

– Мына мазалауыңызды да кешіремін. Ал, күдігіңіз нағыз қорлық болды.

– Ғафу өтінемін. Екеуміз де эмоциямызды басқара алмай тұрмыз.

– Суана-Куна мүсіншінің қолынан шыққан жоқ, ол адам. Тәні семгенмен жаны кеңістікте қалды, осы әлеммен бірге жасауда. Жанның да өз айтары, тіршіліктің көшінде бір мезет көрініп қалуға құқы бар ма? Бар! Бұдан басқа жеткізетін түгім жоқ. Малмандай су болдым, сау болыңыз.

Мәлисаның не дегенін естімедім. Тамақ сұрап аяғыма оралған мысыққа дірілдеген қолдарымды әзер басқарып ас құйып тұрып жеті түнде көңілсіздіктің күлін шашып кеткен лингвист әйелді тезірек ұмытсам деп күрсінгенім, төсегіме қисайғаным есімде. Сосын Нью-Йорктың алып жолдарының шуылы да, терезені тепкілеген ақ жауынның тысыры да жұмсарып, жұқарып, жоғалып кетті.

Сол таңда түсімде Суана-Кунаны көрдім. Ол Анд тауларының баурайындағы шалғында себетіне қызғылт түсті чувирагуаларды толтырып, билеп жүр екен.



**Лира ҚОНЫС**

# ӘЛЕМДІК РЕЙТИНГ ЖАҢАРДЫ

**Дзюдодан халықаралық жарыстардың біршамасы аяқталып, әлемдік рейтинг қайта жаңарды. Ел астанасында өткен Азия ойындарындағы жетістіктер де рейтингте сараланды. Нұр-Сұлтан татамиі сары құрлықтағы мемлекеттер үшін өте қолайлы болды. Өйткені қазақ жерінде табысты өнер көрсеткен саңлақтар рейтингтегі жағдайларын біршама жақсартты. Атап айтсақ, елорда төрінде жеңімпаз атанғандар бірден 700 ұпай олжаласа, финалға шыққандар 490 және қола медальдің иегерлері 350 ұпайдан еншіледі. Берілген мүмкіндікті ұтымды пайдаланғандар арасында біздің елдің өрендері бар.**

Бүгінгі таңда Қазақстанның дзюдошылары арасында ең үздік көрсеткіш Сыр балуаны Мағжан Шамшадинге тиесілі. 60 келі салмақта күш сынасып жүрген ол Азия чемпионатын қола медальмен қорытындылады. Соның арқасында жерлесіміз сегіз сатыға жоғарылап, қазіргі кезде сегізінші орынды олжалауда. Ең жеңіл салмақта сынға түсіп жүрген тағы бір балуан Бауыржан Нарбаевтың да жағдайы жаман емес. Маңғыстау облысының өкілі 21-орынды иемденуде. Алайда бұл балуандарға арқасын кеңге салуға әлі ерте. Өйткені біраз уақыт бойы 66 келі салмақ дәрежесінде өнер көрсеткен даңқты Елдос Сметов өзінің үйреншікті салмағына қайта оралды. Енді ол да намысын қамшылап, жіберген олқылықтарының орнын толтыру үшін барын салады. Өйткені Олимпия ойындарына бір салмақта бір ғана балуанның бақ сынайтыны мәлім. Сол себепті де шешуші тұста үшеуінің де аянып қалмасы анық. Олай болған жағдайда, елішілік жарыстардың өзінде мықты бәсекелестіктің орнығатын түрі бар.

66 келі салмақ дәрежесіндегі алматылық Ғұсман Қырғызбаев сары құрлық біріншілігінде қола медаль олжалады. Соның арқасында бірден 28 сатыға көтеріліп, 32-орынға тұрақтады. Оған қарағанда Жансай Смағұловтың жағдайы әлдеқайда жақсы. 73 келі салмақтағы Қарағанды облысының өкілі Нұр-Сұлтандағы додаға қатыспағанымен, бұған дейінгі табыстарының арқасында әлі де ТОП-10 дзюдошының қатарында жүр. Нақтылап айтсақ, Жансай сегізінші орынды иемденді. Осы салмақтағы Данияр Шамшаевтың да «шабысы» қуантады. Ол Азия чемпионатында күш сынасқан Қазақстанның татами шеберлері арасынан жалғыз өзі ғана алтын тұғырға көтерілген еді. Соның нәтижесінде 18 жастағы аса дарынды дзюдошы 47 сатыға бір-ақ жоғарылап, бұл күндері 39-орынға табан тіреді. Данияр алдағы уақытта да дәл осылай қарқынды күресетін болса, бұл жігіттің болашағы жарқын болары даусыз.

Жасыратыны жоқ, 81 келі салмақта жағдайымыз мүшкіл. Ең үздік өреніміз Абылайхан Жұбаназар небәрі 61-орынды қанағат тұтуда. 90 келі салмақ дәрежесінде күш сынасып жүрген үш жерлесіміз қатар келеді: Ерсұлтан Мұзапаров – 33-орын, Дидар Хамза – 35-орын және Ислам Бозбаев – 38-орын. Бірақ Ислам жуырда ғана 100 келі салмаққа ауысты. Сондықтан да бұдан былай басты тартыс Ерсұлтан мен Дидар арасында өрбиді. Ал Бозбаев болса, жаңа салмақта әзірге 44-орынды місе тұтты. Әлемдік рейтингте Айбек Серікбаев 44 және Нұрлыхан Шархан 60-орынды иеленуде. Өкінішке қарай біраз жылдан бері алыптармен айқасатын бірде-бір балуан табылар емес. Халықаралық жарыстардан үнемі жүлдесіз оралып жүргеніміз осы сөзіміздің айқын дәлелі. Жерлестер арасынан +100 келі салмақтағы ең тәуір көрсеткіш Әділ Оразбаевқа тиесілі. Ол 37-орында. Түйе балуанымыз Ерасыл Қажыбаев 45-орынды қанағат тұтты.








Бүгінгі таңда төрткүл дүние жанкүйерлері Грузия дзюдошыларының өнеріне тамсануда. Бұл елдің қос өрені өз салмақтарында алдарына жан салатын емес. Олар – Лаша Шавдатуашвили (73 келі) мен Тото Григалашвили (81 келі). Өзге салмақ дәрежелерінде тайпейлік Янг Юн Вей (60 келі), молдовалық Денис Виеру (66 келі), әзербайжандық Маммадали Мехдиев (90 келі), ресейлік Арман Адамян (100 келі) және тәжікстандық Темур Рахимов (+100 келі) топ бастап тұр. Байыптап қарасақ, жеті салмақтың алтауында бұрындары КСРО-ның құрамында болған мемлекеттің өкілдері топ басында келеді. Жалпы әлемдік рейтингтегі жағдай төмендегідей.

**60 келі:** 1. Янг Юн Вей (Тайпей), 2. Рюдзю Нагаяма (Жапония), 3. Йорре Ферстрэтен (Бельгия), 4. Франциско Гарригос (Испания) және 5. Лухум Чхвимиани (Грузия).

**66 келі:** 1. Денис Виеру (Молдова), 2. Ендон0пэрэнлэйн Басху (Моңғолия), 3. Ан Баул (Оңтүстік Корея), 4. Важа Маргвелашвили (Грузия) және 5. Риома Танака (Жапония).

**73 келі:** 1. Лаша Шавдатуашвили (Грузия), 2. Хидаят Гейдаров (Әзербайжан), 3. Цэнд-Очирын Цогтбаатар (Моңғолия), 4. Махмадбек Махмадбеков (Ресей) және 5. Тохар Бутбуль (Израиль).

**81 келі:** 1. Тото Григалашвили (Грузия), 2. Маттиас Кассе (Бельгия), 3. Ведат Албайрак (Түркия), 4. Гильерме Шимидт (Бразилия) және 5. Шарофиддин Болтабоев (Өзбекстан).

**90 келі:** 1. Маммадали Мехдиев (Әзербайжан), 2. Бека Гвиниашвили (Грузия), 3. Давлат Бобонов (Өзбекстан),Иван Филиппе Сильва Моралес (Куба) және 5. Санширо Мурао (Жапония).

**100 келі:** 1. Арман Адамян (Ресей), Джордж Фонсека (Португалия), 3. Майкл Коррел (Нидерланд), 4. Шади Элнахас (Канада) және 5. Петр Пальчик (Израиль).

**+100 келі:** 1. Темур Рахимов (Тәжікстан), 2. Юр Спейкерс (Нидерланд), Гурам Тушишвили (Грузия), 4. Одхуу Цэцэнсенгэл (Моңғолия) және 5. Инал Тасоев (Ресей).

# ДЭВИС КУБОГЫ: КІМГЕ СЕНІМ АРТАМЫЗ?



**Қыркүйектің алғашқы күндері Шотландияның Глазго қаласында Дэвис кубогының топтық турнирі бастау алады. Бұл бәсекеде Қазақстанның теннисшілері қандай құрамда өнер көрсететіні белгілі болды. Команда капитаны Юрий Щукин Александр Бублик, Михаил Кукушкин, Дмитрий Попко, Андрей Голубев және Александр Недовесов сынды саңлақтарға сенім артып отыр. Сондай-ақ сол тізімге Тимофей Скатов та қосалқы ойыншы ретінде енді.**

Қазақстан құрамасы сапындағы ең мықты ойыншылар Александр Бублик пен Михаил Кукушкин екені сөзсіз. 25 жастағы Бублик бұл күндері әлемдік рейтингте 42 орынды иеленуде. Кукушкин қазіргі кезде небәрі 213 орынды қанағат тұтып отырғанымен кезінде оның ТОП-40 теннисшінің қатарында болғанын жанкүйерлер ұмыта қойған жоқ. Сол себепті де 34 жастағы ардагерге артылар сенім зор. Бубликпен түйдей құрдас Дмитрий Попко да соңғы уақытта тәуір ойнап жүр. Бүгінгі таңда жерлесіміз 219 орынды еншілеген. Ал Андрей Голубев пен Александр Недовесов жұптық сайыста күш сынасады. Осы орайда былтыр Ролан Гаррос турнирінде Бубликпен жұп құрған Голубев финалға дейін жетті.

D тобына түскен жерлестеріміз АҚШ, Ұлыбритания және Нидерланд құрамаларына қарсы ойнайды. Американдықтар Дэвис кубогында 32 мәрте дара шығып, 28 рет финалда өнер көрсетті. Дәп қазіргі кезде аталған мемлекеттің 13 өрені ТОП-100 ойыншының қатарында. Олар – Тэйлор Фритц (13), Фрэнсис Тиафо (24), Рейлли Опелка (25), Томми Пол (31), Максим Кресси (32), Дженсон Бруксби (43), Джон Иснер (50), Себастьян Корда (52), Маркос Джирон (54), Брэндон Накашима (66), Маккензи Макдональд (72), Джеффри Вольф (82) және Денис Кудла (95).

Ұлыбритания аталған турнирде 10 мәрте топ жарып, сегіз рет финалдық сайыста есе жіберді. Бұл команданың үздігі – Кэмерон Норри. Биыл Уимблдонның жартылай финалына дейін жеткен Норри АТР тізімінде 10-орынды олжалауда. Әлемдік рейтингте 30 сатыға жайғасқан 32 жастағы Дэниел Эванстың да екпіні күшті. Десек те, британдықтардың басты жұлдызы – Энди Маррей екені даусыз. Кезінде Уимблдон мен US open турнирлерін ұтып, Ролан Гаррос пен Аустралияның ашық біріншілігінің финалында ойнаған ол сол шақта әлемнің бірінші ракеткасы атанған еді. Кейіннен жарақатына байланысты Маррей біраз уақыт үлкен спорттан қол үзіп қалды. Өткен жылы кортқа қайта оралған 35 жастағы теннисші бірте-бірте бабына еніп келеді. Бұл күндері Энди үздіктер тізімінде 47-орынды иемденуде. Сондай-ақ мықтылар санатында Джек Дрейпер сынды саңлақ бар. Ол АТР рейтингінде 55-орынға тұрақтады.

Нидерланд құрамасы ондай орасан зор табысымен мақтана алмайды. Олардың ең үздік нәтижесі – 2001 жылы Дэвис кубогының жартылай финалына шығуы. Қазіргі кездегі Қызғалдақтар елі өкілдері арасында Ботик Ван де Зандшульп пен Таллон Грикспурды бөле-жара атап өтуге болады. Екеуі де 26 жаста. Сонымен қатар бұған дейін көлеңкеде қалып жүрген Тим Ван Рийтховен де соңғы уақытта өз ойын өрнегін таба бастады. Ол АТР рейтингінде 120-орынға табан тіреп тұр.

– Біз кіл мықты жиналған өте күшті топқа түстік. Ұлыбританиялықтар өз жерінде ойнайды. Барша көрерменнің соларды қолдайтыны анық. АҚШ құрамасының атағы алысқа жайылған. Американдықтар Дэвис кубогының басты фавориттері. Ал Нидерландпен 2019 және 2020 жылдары ойнағанбыз. Ол кездегі аталған елдің өрендері жас болатын. Қазір олар әбден ысылды. Сондықтан да Қызғалдақтар елі өкілдерімен санаспауға болмайды. Бірақ біз Глазго кортында еш аянбай айқасып, ширек финалға шығу үшін барынша күш саламыз, – дейді Қазақстан құрамасының капитаны Юрий Щукин.

Өзге топтарда мына командалар өзара күш сынасады: А тобы – Хорватия, Италия, Аргентина және Швеция. Бұл кездесулер Италияның Болонья қаласында өтеді. В тобы – Испания, Канада, Сербия және Оңтүстік Корея. Олар Пирней түбегіндегі ең әсем шаһарлардың бірі – Валенсияда шеберлік байқасады. С тобы – Франция, Германия, Бельгия және Аустралия. Бұл бәсекелер немістердің Гамбург қаласында ұйымдастырылады. Әр топта алғашқы екі орынды иеленген командалар Дэвис кубогының ширек финалына жолдама алады. Бұл межедегі бәсекелер үстіміздегі жылдың қараша айында Испанияның Малага қаласында өтеді.

# ШАХМАТШЫЛАРДЫҢ МЕРЕЙІ




**Атырауда алғаш рет халықаралық шахмат фестивалі өтті. Сегіз күнге созылған шаршы тақтадағы тартысты сайысқа Қазақстан, АҚШ, Нидерланд, Литва, Украина, Өзбекстан, Тәжікстан, Беларусь, Ресей сияқты әлемнің 9 елінен 300-ге жуық ойыншы қатысты.**

Atyrau Chess Festival турнирінің қорытындысымен әйелдер арасында Екатерина Борисова бірінші орынды иеленді. Ал Назерке Нұрғали екінші, Алуа Нұрланова үшінші орынға ие болды. Ерлер арасынан бірінші орын алған Тимур Гареев жеңіс тұғырынан көрінді. Арсений Нестеровке екінші орын бұйырды. Сергей Тивяков үшінші орынды місе тұтты. Atyrau Open турнирінде ардагерлер арасында Әзидолла Хамиев, Есей Хұсайынов пен Айтқали Ізбасаров жеңімпаз атанды. Блиц-турнирде Павел Панкратов, Фаррух Амонатов пен Сергей Тивьяков жеңіске жетті. Atyrau Juniors турнирінің қорытындысымен 8, 10, 12 және 14 жасқа дейінгі жас санаттары бойынша жүлделі орындар берілді.

Сонымен қатар халықаралық фестиваль аясында 2-разрядтан төмен емес спортшылар үшін Atyrau Open, 3-разрядтан төмен емес, 2006 жылы туған және одан кіші спортшылар қатысқан Atyrau Juniors, сондай-ақ 3-разряды бар спортшылар арасында блиц-турнир өтті. Бұл сында Нұрдәулет Танатов мықтылығын байқатып, жеңімпаз атанды.

# «ҚАЙСАРДЫҢ» ҚАРҚЫНЫ АРТТЫ



**Ел біріншілігінің 17 турында қызылордалық «Қайсар» «Астана-Жасты» қабылдап, 3-0 есебімен айқын жеңді.**

Алаң иелері сапынан алғаш болып Руслан Сахалбаев есеп ашса, Кирилл Сидоренко Амаль Сеитовтың пасын ұтымды пайдаланып, есепті еселеді. Ойынның екінші жартысында Жоау Педро Оливейра ұрымтал сәтте гол соғып, ойынның нүктесін қойды. Қорытынды есеп 3-0!

**«Қайсар» – «Астана-Жас» – 3:0**

Голдар: Руслан Сахалбаев 25, Кирилл Сидоренко 28, Адама Диалло 58

«Кайсар»: Нұрымжан Салайдин (к), Константин Горизанов, Диалло Адама, Әділбек Жұмаханов, Аян Құлмағанбетов (Елисей Горшунов 84), Оливейра Жоао Педро, Сергей Бондаренко (Бекзат Құрманбекұлы 46), Руслан Сахалбаев, Амаль Сеитов (Елжас Алтынбеков 84.), Кирилл Сидоренко (Дидар Жалмұқан 46), Демият Сламбеков (Абылайхан Төлегенов 74).

«Астана-Жас»: Константин Оноприенко, Махмуд Дунзуров, Саламат Жұмабеков, Диас Қанатқали (к), Исламбек Қуат, Азамат Нұржанұлы (Әділ Олжас 52), Бауыржан Ахаев, Сабыр Әділхан (Диас Испанов 46,), Уалихан Тюлюпов (Алдияр Тастанов 87), Әлихан Үмбеталиев (Сұлтан Әбдіқадыров 78), Санжар Шураханов (Жасасын Қалмахамбет 87.).

# ЖЕРЛЕСТЕР ЖЕҢІС ТҰҒЫРЫНАН КӨРІНДІ



**Вьетнамның Хошимин қаласында таэквондодан Азияның ашық біріншілігі аяқталды. Түрлі жас ерекшеліктері бойынша өткен жарыста 15 мемлекеттен келген 100-ден аса спортшы бақ сынады.**

Дүбірлі додада Қызылорданың қайсар ұлдары да бақ сынап, жүлдегерлер қатарынан көрінді. 33 келі салмақта Нұрперзент Саматұлы алтыннан алқа тағып, чемпион атанса, 41 келіде бақ сынасқан Теміржан Тасқын күміс медаль иегері болды.

Жалпы есепте Иран мен Өзбекстанды алға жіберген Қазақстан құрамасы үшінші орынды иеленді.

Бетті дайындаған: Е.ШӘРІБЕК

# ЖЕҢГЕН ДЕ, ЖЕҢІЛГЕН ДЕ ҰТЫЛМАЙДЫ



**Ойынның естісі де, есері де бар. Бой емес, ой жарыстыратын ғасырда смартфонына сыйынған адамдардың басын бір жерге қосып, күнделікті тіршіліктен тыс әлемдік жаңалықтарды, жауабы бар сауалдарды талқыға салу – қызылордалықтардың сүйікті ісіне айналған. «Ломка» деп аталатын ойын айына бір рет ұйымдастырылады. Бұл ойын қызылордалықтарды несімен қызықтырады? Ұйымдастырушылардың мақсаты не? Осы сұрақтар төңірегінде ойынның авторы, ұйымдастырушы Нұржан Батыршаевпен әңгіме өрбіткен едік.**

**– Нұржан, бұл идея қайдан келді?**

– Өзім Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетін жергілікті және мемлекеттік басқару мамандығы бойынша аяқтадым. Алайда мамандық бойынша жұмыс істеу көңілімнен шықпай, 2014 жылы телевизия саласына келдім. Инженер болып бастаған едім, қазіргі таңда режиссер ретінде қызмет етемін. Ал «Ломка» интеллектуалды ойынын ұйымдастыру – менің хоббиім.

Ойынды ұйымдастырып жүргенімізге 3 жылдан асты. 2019 жылдан бастап тұрақты жүргізіп келеміз. Идея қайдан, қашан келді? Досымның Латвияға барып, саяхаттап келген кезі еді. «Сонда жүргенде ерекше бір интеллектуалдық ойынға қатыстым. Сұмдық қызық ойын» деген әсеріне елітіп, қандай ойын екенін, шарттарын, жалпы мақсатын сұрап, түсініп алдым. Өзім де интеллектуалды, көңілді ойындарға қызығатын едім. «Неге біздің қалада да жасап көрмеске» деп ойладым да, жарты ережесін сол жақтан алып, қалған ережесін өзім қостым. Осылайша ойынға қажеттінің бәрін қамтып, қызылордалықтардың менталитетіне, өмір салтына сай ұйымдастырып көрдік. Барлық бизнесте, қолға алған істе қиын болатыны – бастау. Ойынға кіруге арналған билеттерді қағазға шығарып, қаладағы ірі мекемелердің басшыларына кіріп, ойынмен, оның мақсатымен таныстырып жүрдім. Инстаграмм, әлеуметтік желідегі маркетингтің Қазақстанға енді кіріп жатқан кезі. Сонымен не керек, бастапқыда жүзбе жүз жолығып, тікелей жарнама жасап жүрдік. «Коллективпен, достарыңызбен бір команда құрап, қатысуға болады» деп жарияладық. Ол кезде қалада мұндай бағыттағы шаралар атымен жоқ. Кейбір басшылар үркіп, «сенің бір парақ қағазыңа қалай сенеміз, ақшасын алып, алдап кетсең ше» деген сияқты уәжін айтатын. Бүгінгі күні қаладағы 9 банк, мұнай компаниялары, жеке сот орындаушылары, кәсіпкерлер, қаланың интеллектуал қауымы да қалмай қатысуда.

**– Ойынға кімдер қатыса алады?**

– Ойын айына бір рет ұйымдастырылады. Әр айдың 10-нына дейін жоспарлы түрде өткізілуде. Жеңіске жеткен командаларға сыйлық беріледі. Бұрын заттай беретінбіз. Соңғы ойындарда жеңімпаздарға ақшалай жүлде беріп жүрміз. Бір командада ең кем дегенде 4 адам, көп дегенде 8 адамға дейін қатыса алады. Команданың құрамына қойылатын талап жоқ. Коллективпен, достармен, көршілермен, отбасымен, тіпті, танымайтын адамдармен де топтасып келуге болады. Әрине, жасқа қойылатын жалғыз талап: 18 жастан асқандардың ғана қатысуына мүмкіндік бар. 60 жастағы қатысушыларымыз да болған. Негізінен қатысушыларымыздың көбі 30-45 жастағы тұрғындар.

Біз бастағаннан кейін қала бойынша осы бағытта тағы 3-4 ойын ұйымдастырыла бастады. Бұл – қуанарлық жағдай. Жеке өзіме бәсекелес ретінде мотивация болса, қызылордалықтар үшін рухани, интеллектуалдық жағынан дамудың көрсеткіші, жаңа бағыттағы идеялардың іске асуы. Үш жарым жыл болса да өз деңгейімізді сақтап келеміз. Біздің мақсат – қызылордалықтартың уақытын дұрыс өткізуіне жағдай жасау. Мысалы, қалада қолы босаған адам қайда барады? Бильярдқа, киноға, театрға баруы мүмкін. Ал «Ломкаға» келгендер әрі көңіл көтеріп, әрі миын қозғап, ойланып қайтады. Жақсы ойнаса, сыйлығын алады. Яғни біздің ойында жеңілгендер де ұтылмайды.

**– Сұрақтар қайдан алынады?**

– Ойын VII турдан тұрады. I турдан IV турға дейін 7 сұрақтан қойылады. Ал бесінші турда капитандар жарысады. Одан кейінгі кезең «Блиц» деп аталады. VII тур – «Ва-банк». Аталған кезеңдердің әрқайсысы бойынша командалардың балы есептеліп отырады. Сұрақтар да түрлі деңгейде, түрлі бағытта. Тіпті, мектеп бағдарламасының да сұрақтары бар. Облысымыздағы, әлемдегі соңғы жаңалықтар, ең соңғы өнер туындылары, сериалдарға да қатысты сұрақтар болады. Оған мен жауаптымын, барлығын өзім құрастырамын. Сол себепті ешқандай жаңалықты, киноны, кітапты жібермеймін десем болады.

Ойынды досым Дастан Жақсыбаев екеуміз ұйымдастырамыз. Ол ойынның техникалық жағына жауап береді. Аппаратура, дыбыс, тағы басқа заттардың дайын болуын қадағалайды. Журналист, филолог Шаттық Байжігіт – ойынның жүргізушісі. Одан бөлек ойынға қатысарда әрбір қатысушының ұялы телефонын, интернетті қолданбағанын бақылайтын қыздар да бар.

**– Өзге де ойындар бар дедіңіз. «Ломканың» ерекшелігі неде?**

– Қалада бірнеше ойын ұйымдастырушылар бар екенін атап өттік. Ал біздің ойынның ерекшелігі – сұрақтарында. Орыс тілінде өтетін ойынымызда міндетті түрде Қызылорда жайлы сұрақтар қойылады. Бұл ақпараттардың барлығы күнделікті өмірден алынады. Жай ғана қарапайым сұрақ. «Темір жол вокзалының алдындағы мүсін қай батырға қойылған?». Күн сайын көріп жүрсе де, мән бермейтіндер немесе есте сақтау қабілеті нашар адамдар осындай қарапайым сұрақтарға да ойланып қалады. Ойын сонысымен қызық. Мәселе ғылыми деңгейде ойлануда емес, ақпараттармен дұрыс жұмыс істеуде, есте сақтауда. Біздің ойынның қатысушылары қазір тұрақты түрде жаңалық көреді, ақпараттарды жібермейді. Әлемдік жаңалықтардан бөлек, облысқа қатысты дүниелерді де назарынан тыс қалдырмайды. Осылайша өз білімін де жетілдіреді. Бұл – ойынның, ұйымдастырушылардың өз мақсатына жеткендігі.

Бізде кейбір командалар бар. Құрамында 7 адам болса, ойынға аз уақыт қалғанда жетеуі бірдей арнайы уақыт бөліп, компьютерге үңіліп, ақпараттарды жинап, дайындалады. Ең көп дегенде 30 команда қатысқан болса, 3 жылдан бері 11 команда тұрақты қатысып келеді.

**– Әдемі әңгімеңізге рақмет!**

**Сұхбаттасқан Дина БӨКЕБАЙ**

# КИІЗ ҮЙДЕ ФАСТФУД ДАЙЫНДАЛАДЫ

**Тереңөзек елдімекенінде жергілікті тұрғындарға қуаныш пен демалыс сыйлайтын бір орын бар. Ерекшелігі сол, аталған орталық қазақы дәстүр мен еуропалық үлгіні ұштастыра білген. «Making Terenozek» деп аталатын фастфуд орталығы заманауи жабдықталған қазақы киіз үйде келушілерге қызмет көрсетуде.**

Бірнеше кәсіби маманды жұмыспен қамтыған орталықтың негізі осыдан екі жыл бұрын қаланған. Содан бері жас кәсіпкер Мақсат Бекенов отбасылық бизнесті дамытуға күш салып келеді. Ал жуырда еуропалық үлгіде қайта жабдықталған киіз үйдің ашылу салтанаты өтіп, шараға аудан тұрғындары мен қонақтар қатысты. Қазақы болмысты насихаттауды мақсат еткен орталық жұмысы жоспарлы түрде жүргізіліп, тұтынушылардың көңілінен шығуда. Тіпті фастфуд дайындалатын киіз үй жобасын аймақтағы бірегей орталық деп бағалауға болады. Креативті идеяға толы отбасылық бизнестің қазіргі бағыты жөнінде жас кәсіпкер Мақсат Бекеновтің өзінен сұрап білдік.



– Нарықтық заманда бәсекеге қабілетті болу маңызды рөл ойнайды. Алғаш фастфуд орталығын ашатын уақытта отбасымызбен сұранысқа ие кәсіп түрін таңдауды жөн көрдік. Ата-анам, бауырларыммен бірге жаңа кәсіпті игере бастадық. Әрине, тұрғындардың талғамы жоғары. Кәсіби, біліктілігі жоғары мамандарды жұмысқа тартуға барлық жағдай жасалды. Бірнеше қалада орналасқан фастфуд орталықтарының мамандарымен тәжірибе алмастық. Осылайша, кәсібімізді жаңғыртып, еуропалық үлгідегі қазақы киіз үй ашуға бел будық. Қомақты қаржы жұмсалған киіз үй жылдың 4 мезгілінде де қонақ күтуге арналған. Заманауи жиһаздар қойылған. Соңғы үлгідегі ыдыстармен жабдықталған. Тұтынушы өз қалауынша біздің тағамдарға тапсырыс бере алады. Сонымен бірге Тереңөзек кенті мен жақын ауылдарға тасымал қызметі жолға қойылған. Әр жұма сайын әрбір донер алған тұтынушыға түрік айраны беріледі, – дейді жас кәсіпкер.

Жаңашыл жастың бастамасы мұнымен шектелмейді. Жақында Мақсат «Making Terenozek» фастфуд орталығының ашылғанына екі жыл толуына орай Instagram желісіндегі оқырмандары арасында ұтыс ойынын ұйымдастырды. Нәтижесінде бес мыңнан аса адамның ішінен он жеңімпаз анықтап алынды. Бір қызығы, олардың қатарында Түркістан, Нұр-Сұлтан қаласы, Қызылорда қаласы мен Арал ауданынан жеңімпаз атанған жандар бар. Кәсіпкердің тағы бір тың идеясы бойынша, орталықтың жиырма мыңыншы тұтынушысына да арнайы сыйлық тапсырылды.

**Гүлдана НҰРТАЙҚЫЗЫ**




**Тоқты**

Белсенді болыңыз. Бұл аптада алға қойған мақсатқа жетуге жұлдыздар септеседі. Бойыңызда тың күш пайда болады. Ал егер демалысты тиімді пайдаланғыңыз келсе, аздап босаңсып, еркінсуге рұқсат. Мұндай жағдайда бар уақытты жеке өмірге, отбасына арнаңыз.

**Торпақ**

Сіз үшін ең жайлы апта болғалы тұр. Түйсігіңізді көбірек тыңдаңыз. Ол сізге кімнің дос, кімнің дұшпан екенін айқын білдіреді. Қосымша табыс табу үшін барыңызды салыңыз. Кәсіби біліктілігіңізді арттыру жолында жұмыс жасаңыз. Алыс жерден қуанышты хабар жетуі мүмкін.

**Егіздер**

Жанын салып, асқан қызығушылықпен жұмыс істеуге әдеттенгендер үшін сәтті апта. Жетістік пен мол табысқа кенелу мүмкіндігі жоғары. Басталған істі соңына жеткізуге және ұзақ мерзімді жоспар құруға қолайлы. Көптеген жағымды таныстықтар мен қызықты шаралар күтіп тұр.

**Шаян**

Сәтсіздіктер кезеңі артта қалды. Қай істі қолға алсаңыз да, сәттілікпен қуантады. Бойыңызды шығармашылық энергиясы кернейді. Дәл осы сәтті тиімді пайдаланып, шығармашылықпен айналысыңыз. Жаңа нәрсені үйреніп, таным көкжиегіңізді кеңейтіп не жаңа қырыңызды ашуға талпыныңыз. Сүйіктіңіздің ерекше ықыласы мен қамқорлығына бөленесіз.

**Арыстан**

Айналаңызға тыныштық орнатыңыз. Себебі бұл аптада сізге жұмсалған қуаттың орнын толтыру қажет. Мүмкін болса, мойныңызға көп міндет алмаңыз. Біреумен ренжіссеңіз, татуласуға алғашқы қадамды өзіңіз жасаңыз.

**Бикеш**

Ойға алған шаруалар мен мақсаттарды жүзеге асыруға батыл кірісіңіз. Бұл жолда әріптестерден көмек сұрап, қол ұшын созғандарды кері итермеңіз. Өсек-аяңға мән бермеңіз, ол сізге жеткенге дейін мың құбылған болуы әбден мүмкін. Салдарынан қате қадам жасасаңыз, зардабы өзіңізге тиеді.

**Таразы**

Бірнеше істі мойынға қатар іліп алмаңыз. Өзіңіз үшін ең маңыздысын анықтап, сонымен ғана жұмыс істеңіз. Қызметтегі белсенділік – бұл мақтауға тұрарлық, әрине. Әйткенмен, денсаулық маңызды. Сондықтан шаруаларды аздап кідіртіп, денсаулығыңызға мән беріңіз. Жаңа жоспарлар құрамын деп, бұрынғы аяқсыз қалғандарды естен шығармаңыз.

**Сарышаян**

Бұл аптада табиғат аясында сейіл құрып, сапарға шықсаңыз, сәттілікке кезігесіз. Шығыны да аз болады. Қосымша табыс түскелі тұр. Қолыңызға тисе, өзіңіз бен жақындарыңызды қуантуға жұмсаңыз. Бұл сізге позитив пен жағымды энергия береді, адамдармен қарым-қатынасыңыздың жақсаруына септігін тигізеді.

**Мерген**

Бұрыннан келе жатқан шиеленіскен мәселенің бір ұшы қолыңызға ілігеді. Сәтін жіберіп алмаңыз. Сол ұштан «тартып» қалсаңыз, көптеген түйінді тарқатасыз. Көптен күткен қаржы қалтаңызға түседі. Өткен апта жорамалы өміріңізбен сәйкес келді ме, тексеріп көріңіз.

**Тауешкі**

Алдағы аптада кез келген жағдайда барынша сабырлық сақтауға тырысыңыз. Сізді арандатқысы келген, сол арқылы абыройыңызға нұқсан келтіруді қалайтындардың құрығына ілінбеңіз. Бұл аптада ешкімнен қарыз сұрамаңыз, ешкімге қарыз бермеңіз де.

**Сукұйғыш**

Пайдасы тиетін ықпалды таныстармен қарым-қатынасыңызды жақсартыңыз. Сонда мансап баспалдағымен көтерілу мүмкіндігі туады. Әріптестер арасындағы абыройыңызға да жақсы әсерін тигізеді. Өзіңізге сенімді болсаңыз, осы аптада біршама биікті бағындырасыз.

**Балықтар**

Дәл қазір сізге ең керегі – бойыңызды босаңсытып, тынығу. Жеке өмірде орын алатын кез келген тосынсыйға іштей дайын жүріңіз. Егер ол жайсыз болса, еш мойымаңыз. Ойыңызда көптеген жақсы идеялар туындайды. Жалқаулықтан арылып, идеяларыңызды жүзеге асыруға талпынсаңыз, табыс пен нәтижеге жетесіз.

Кезекші редактор: Г.ЖҰМАДИН

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында терiлiп, беттелiп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Қабылдау бөлмесі:
тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР
Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
**e-mail: aqmeshit_zhastary@gmail.com**
**Instagram: @aqmeshiit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz**

**Таралымы: 7416**
**Тапсырыс:**